




КӨК ТУЫМЫЗ ЖЕЛБІРЕСЕ, ҰЛТЫМЫЗДЫҢ РУХЫ АСҚАҚТАЙДЫ

Президент XXXIII жазғы Олимпиада ойындарына қатысатын Қазақстан құрама командасының мүшелеріне Мемлекеттік туды тапсырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрама спортшыларымен кездесуде Парижде басталатын дүбірлі доданы бүкіл әлем асыға күтетінін әрі оған төрткүл дүние түгел көз тігіп отырғанын айтты. Сонымен қатар үздіктердің үздігі бақ сынайтын

байрақты бәсекеге ең мықты спортшыларымыз бара жатқанын атап өтіп, ел намысын қорғау абыройлы міндет екеніне тоқталды.

— Біз сіздерге зор үміт артамыз. Бүкіл халқымыз — сіздерге жанкүйер. Жалпы, қазақ спорт мектебінің мәртебесі қашанда биік. Спортшыларымыз әрдайым елге жұлдемен оралып жүр. Осы даңқты жолды абыроймен жалғайсыздар деп сенемін. Шын мәнінде, сіздердің жеңістеріңіз тұтас Қазақстанның жеңісі болмақ. Көк туымыз желбіресе, ұлтымыздың рухы асқақтайды, — деді Мемлекет басшысы.

Президент спортшыларымызға барлық қажетті жағдай жасалып жатқанына тоқталды.

— Елді мекендерде арнайы алаңдар салынып жатыр. Өткен жылдың өзінде 70-ке жуық спорт орталығы ашылды. Биыл тағы 200-ге жуық нысан салынады. Баршаңызға мәлім, Ұлттық олимпиада комитетінде өзгерістер болды. Олимпиада ойындарына дайындық штабы құрылды. Тәжірибелі мамандарды шақырдық. Белгілі спортшы Геннадий Головкин келді. Әр салада осындай өз ісінің нағыз шебері болуға тиіс. Сонда ғана нәтиже болады.

Біз — спортшыларға айрықша құрмет көрсететін елміз, — деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті спорт тарихында өшпес із қалдырған саңлақтарымыздың еңбегі еркін жолға бағаланып жеткізді.

— Балуан Шолақ, Қажымұқан Мұңайтпасов, Жаксылық Үшкемпіров, Александр Винокуров, Бекзат Саттарханов, Ольга Рыпакова атындағы спорт нысандары — соның айқын көрінісі. Сіздер де биік белесті бағындыра аласыздар. Мен бұған кәміл сенемін. Бүгінгі жастарымыз сіздерге қарап бой түзейді. Бұл — үлкен абырой, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы бейбітшілік және ынтымақтастық саясатына еліміздің қашанда бейілді екеніне назар аударды.

— Өткен аптада Астанада ШЫҰ саммиті табысты ұйымдастырылды. Бұл маңызы зор шараның басты мақсаты мемлекеттер мен халықтар арасындағы диалогты, достық пен сенімді нығайту болды. Мұндай басымдықтар күллі спорт әлеміне де тән. Өйткені кез келген спорт сайысы, ең алдымен, ынтымақтастықты, алға ұмтылысты және адамдардың бірлігін көрсетеді. Олимпиада ойындарының құндылықтары қарапайым спорт жетістіктерінен асып түседі. Ол — жекелеген спортшылардың да, тұтас мемлекеттердің де теңдігінің, өзара құрметі мен адал бәсекелестігінің жарқын бейнесі, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев ел намысын абыроймен қорғауда спортшыларға жауапты миссия жүктелгенін айтып, оларға сәттілік тіледі.

— Бәріңіз Олимпиада жолдамасын иелену үшін көп күш жұмсадыңыздар. Өздеріңіздің асқан шеберліктеріңізді көрсетіп, жақсы нәтижелерге қол жеткізетіндеріңізге сенімдімін. Сіздерге барша Қазақстан халқы қолдау көрсетеді. Әрине, чемпион болу оңай емес. Қазақта «Намысқа шапсан — алысқа шабасын» деген сөз бар. Сондықтан жеңімпаз боласыздар деп сенемін, — деді Мемлекет басшысы.

Президент Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын Ұлттық құраманың капитаны Асланбек Шымбергеновке табыстады.

Қазақстан құрама командасының негізгі бөлігі кездесуге Алматы облысындағы «Ақбұлақ» олимпиадалық орталығынан бейнебайланыс арқылы қатысты. Онда спортшылар Париж Олимпиадасы алдындағы соңғы жаттығу жиындарын өткізіп жатыр.

Сондай-ақ іс-шарада бокстан әлем чемпионы Асланбек Шымбергенов, жеңіл атлетикадан Азия ойындарының жеңімпазы Ольга Сафронова, дзюдодан Олимпиада ойындарының жүлдегері Елдос Сметов сөз сөйледі.

ТЕҢГЕ ТЕҢСЕЛІП ТҰР

Жақында Ұлттық банк маусым айында ұлттық валюта бағамы 5,5 пайызға әлсірегенін мәлімдеген болатын. Қазір соңғы 6 аптада құны төмендей түскен теңгенің 1 АҚШ долларына шаққандағы бағамы 480,77 теңгеге жетті. Отандық сарапшылардың айтуынша, бұл үрдіске ішкі факторлардың әсері бар. Ал сыртқы экономикалық факторлардың динамикасы жақсарғанымен, ұлттық валюта бағамына ықпалы төмен болып отыр. Себебі соңғы кезде Brent маркалы мұнай бағасы маусымда 13 пайызға көтеріліп, барреліне 87 АҚШ долларына жетті. Ал дәл осы уақыт аралығында теңгенің долларға шаққандағы құны 6 пайызға әлсіреді.

Шетелдік валютаға деген сұраныстың артуына трансферттер көлемінің салыстырмалы түрде азаюы негіз болды. Сәйкесінше, сарапшылар бұл теңге бағамын нарықтағы сұраныс көлемімен теңестірді деген пікірде. «Нарықтың ірі қатысушылары тиімді айырбас бағамының параметрлерін ескере отырып теңге бағамын байсалды түрде бағалай бастады деп түсінеміз» дейді олар. Алайда мамандар теңгенің бұлай тез әлсіреу динамикасын «қолдан жасалған» болуы



мүмкін деп болжайды. Сондай-ақ бұл отандық валюта нарығының ұзақ уақыт бойы «тиімсіз» күйде болғанын көрсетеді.

Tengonomika сараптама порталы осыған дейін ұлттық валюта бағамының 1 АҚШ доллары үшін 480 теңгеден асуы психологиялық шекті көрсеткіш деп мәлімдеген.

» 4

ЕЛ ТЫНЫСЫМЕН ЕТЕНЕ



Мәжіліс депутаттарының өңірлерге сапары жалғасуда. Каникулға шыққан мәжілісмендер бүгінде дәстүр бойынша халықпен кездесіп, мекемелерді аралап, жүргізіліп жатқан жұмыстар барысымен танысуда. Соның ішінде басты назар «АМАНАТ» партиясының сайлауалды бағдарламасына салынып отыр.

ҚАРҒЫНҒА КЕТКЕН ҚОЙДЫҢ ҚҰНЫ ӨТЕЛЕ МЕ?



Жамбыл облысы ағын судан тағы зардап көрді. Бұл жолы шулық шаруаның 400 бас қойы тілсіз жаудың құрбанына айналды. Көкқайнар ауылдық округіне қарасты Ақтасты таулы аймағында жауған қатты жауын салдарынан сай-саладан сел жүріп, «Ынтымақ» шаруа қожалығының қора-жайын шайып кетті.

● Сіз не дейсіз?



Елнұр БЕЙСЕНБАЕВ,
Парламент Мәжілісінің депутаты,
«АМАНАТ» партиясы фракциясының жетекшісі:

ЛУДОМАНИЯ РУХАНИ ТҮРҒЫДА АЗҒЫНДАУҒА ӘКЕЛДІ

Соңғы уақытта лудомания, құмар ойындарға қатысты жаға ұстатарлық деректер көбейіп кеткені рас. Мәселен, еліміздегі ажырасулардың 40 пайызына лудомания тікелей себеп болып отыр. Себебі Қазақстанда әрбір бесінші адам — құмар ойынның құрбаны. Жуырда Мемлекет

басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ойын бизнесі, лотерея қызметі, денсаулық сақтау, мемлекеттік еңбек инспекциясы, мемлекеттік бақылау және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан

Республикасының заңына қол қойды. Осы ретте біз құмар ойындар нарығын ретке келтіріп, лудомандарға тұсау болатын заңға қатысты Парламент Мәжілісінің депутаты, «АМАНАТ» партиясы фракциясының жетекшісі Елнұр Бейсенбаевпен сұхбаттасқан едік.

(Жалғасы 2-бетте)

ҰЛТТЫҚ КІТАП КҮНІ ОЗЫҚ ОЙЛЫ ҰЛТҚА АЙНАЛДЫРАДЫ

Қазақстанның мерекелік күнтізбесі тағы бір жаңа мерекемен толығып отыр. Енді жыл сайын 23 сәуірде Ұлттық кітап күнін атап өтетін боламыз. Аталмыш мереке Мемлекет басшысының үшінші Ұлттық құрылтайдың негізгі сессиясында берген тапсырмасына сәйкес пайда болды. Мұндағы мақсат — қоғамда оқу мәдениетін қалыптастырып, озық ойлы мемлекетке айналу. Оның ең төте жолы кітап оқу десек, кітап оқуға ынтаны арттыру үшін қабылданып жатқан шараның ықпалы зор болмақ.

Айтулы мерекенің ел игілігіне, кітап-құмар оқырманның көбеюіне әсер ететін маңызы туралы Ұлттық академиялық кітапхана директоры Ғазиза Құдайбергенқызымен сұхбаттастық.



» 8



ЖОБАЛЫҚ КЕҢСЕ АКСЕЛЕРАТОРЫ – МАҢЫЗДЫ АЛАҢ

Сенаттың Қоғамдық жобалық кеңсесі, Maqsut Narikbayev University және Ақмола облысы әкімдігінің бірлескен жұмысының аясында қолға алынған БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттары жөніндегі акселераторы өз қызметінің аралық нәтижелерін жариялады. Сарапшылардың зерттеулері талқыланған іс-шараға палата Төрағасы Мәулен Әшімбаев қатысты.

Отырысты ашқан Мәулен Әшімбаев ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттары жөніндегі саммитінде орнықты даму қағидаттары Қазақстанның негізгі ұлттық стратегиялары мен бағдарламаларының өзегіне айналғанын бірнеше рет атап өткенін тілге тиек етті. Сондықтан елімізде аталған мақсаттарға қол жеткізуге баса мән беріліп отыр. Мемлекет басшысының тапсырмасымен 2023 жылы Орнықты даму саласындағы ұлттық мақсат-міндеттердің іске асырылуына мониторинг жүргізу жөніндегі Парламенттік комиссия құрылды. Акселератордың қызметі осы мақсаттарға қол жеткізуге ықпал етуді көздейді.

Акселератордың негізгі міндеті — мемлекеттік құрылымдарды, ғалымдар мен сарапшыларды және барлық мүдделі тарапты жұмылдыра отырып, орнықты даму мақсаттарына қол жеткізудің жана тәсілдерін әзірлеу. Іс-шара барысында сарапшылар командаларының өкілдері және олардың сенатор-кураторлары екі айда атқарылған жұмысты қорытындылады. Олар қолдағы нәтижелерге сүйене отырып, денсаулық сақтау, білім беру, экономикалық өсу, қалалардың тұрақты дамуы және басқа да

салалар бойынша тәуекелдер картасы мен тұжырымдамалық ұсыныстарын ұсынды.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге үнемі үлкен көңіл бөліп, бұл бағытты ұлттық басымдық ретінде белгіледі. Осыған байланысты Қазақстан Парламенті аталған мақсаттарға қол жеткізу жолындағы жұмысқа белсенді қатысып келеді. Бұл іске Сенаттың жобалық кеңсесі де қатысып жатыр. Бүгін біз осы бастама барысында атқарылған жұмыстың аралық қорытындыларын талқыладық. Айтарлықтай ілгерілеу бар екенін атап өткен жөн. Осы уақыт ішінде орнықты даму мақсаттарының түрлі бағыты бойынша арнайы құрылған командалар сарапшылармен және тиісті мамандармен бірлесіп, есепті еңбек етті. Бүгінгі кездесуде Жобалық кеңсе акселераторы маңызды және келешегі зор алаң екеніне көз жеткіздік», — деді Сенат Спикері.

Сонымен қатар іс-шара кезінде акселератордың негізгі мақсаты заңнаманы жетілдірудің әлеуетті аймақтары мен орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге келергі келтіретін тосқауылдарды анықтау екені айтылды. Осы бағыттағы бастамалар Парламент Сенатының алдағы қызметінде назарға алынады.

АУЫЛ ӘКІМДЕРІНІҢ ФОРУМЫ ӨТТІ

Қарағанды облысында «AMANAT» партиясының қолдауымен өңірдегі ауыл әкімдерінің форумы өтті.

130 ауыл әкімі қатысқан ауқымды іс-шараның басты мақсаты — еліміздегі саяси реформаларды жүйелі жүзеге асыру, ауыл халқын толғандыратын әуелі мәселелерді ашық талқылау және оны шешу жолдарын қарастыру.

Алқалы жиында «AMANAT» партиясының хатшысы Ержан Жылқыбаев Президент «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты халыққа Жолдауында еліміздегі саяси реформаларды жаңғырту мақсатында ауыл әкімдері сайлауын өткізу жөнінде тапсырма бергенін және бұл шешім ел тарихындағы маңызды оқиғаға айналғанын атап өтті. «Тұрғындар тұңғыш рет жергілікті атқарушы билік басшысын тікелей сайлау мүмкіндігіне ие болды. Осылайша, Қарағанды облысындағы 167 ауылдық округте 159 ауыл әкімі сайланды. Оның ішінде партиямыздан ұсынылған 139 (87%) кандидат жеңіске жетті. Сондықтан бүгінгі форумда айтылған ұсыныстар мен идеялар, тың бастамалар «AMANAT» партиясы атынан сайланған ауыл әкімдерінің табанды жұмысы мен кәсіби шеберлігіне жана серпін береді деген сенімдемін», — деді ол.

Форум барысында қатысушылар мемлекеттік сатып алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы өзгерістерді талқы-

лады. Тұрғындармен кері байланысты тиімді ұйымдастыруға да назар аударлды.

«AMANAT» партиясының облыстық филиалы ұйымдастырған форум Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың саяси реформаларын жүзеге асыру жолдарының бірі болып табылады. Кездесу жемісті болатынына сенімдімін, қатысушылар өздерінің күнделікті жұмысында табысты пайдалана алатын жана білім мен дағдыларға ие болады», — деп атап өтті Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Өз кезегінде, «AMANAT» партиясы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков ауылдық елді мекендерді дамытудың мәні мен маңызына тоқталды.

«Ауыл — қазақтың алтын бесігі. Елге еңбегі сіңген көрнекті тұлғалар да, осында отырған көпшілік азаматтар да ауылдан түлеп ұшты. Ауылдың жай-күйі — бәрімізге ортақ. Оның алдағы күндері қай бағытта дамитыны сіздер мен бізге байланысты. Яғни, біз іші де, сырты да бүтін ел болуымыз керек. Сондықтан ауыл әкіміне артылатын жауапкершілік жүгі — әркез ауыр. Ауыл азаматтары сіздерге айрықша үміт артады», — деді ол.

Осылайша, форум жұмысы пленарлық сессия форматында өтіп, 2 бөлімнен тұрды. Алғашқы бөлімде — партияның облыстық филиалы, Орталық аппараты басшылығының, Қарағанды облысы әкімі аппаратының, Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Қарағанды облысы бойынша департаменті-

нің, ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Қарағанды облысы бойынша филиалының, Мәжілісі депутаттарының, партияның аумақтық филиалдары төрағаларының, қалалар мен аудандар, ауылдық округтер әкімдерінің қатысуымен пленарлық отырыс ұйымдастырылды.

Келесі бөлімде оқыту семинары өткізілді. Онда әкімдер заңнамадағы, оның ішінде мемлекеттік сатып алу саласындағы өзгерістер туралы жан-жақты ақпарат алды. Мемлекеттік қызмет істері саласындағы тренерлер менеджмент процесін жетілдіру, имидж қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар берді. Жалпы, жиын барысында билік тармақтарының өзара байланысын нығайтып, сындарлы шешімдер қабылдау қатысты түрлі кеңес берілді.

Айта кетейік, «AMANAT» партиясының «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасы аясында ауыл тұрғындарына өмір сүруге қолайлы тұрмыс деңгейі мен еңбек жағдайын жасап, ауыл азаматтарының сапалы инфрақұрылымға, білімге, медицинаға қол жеткізудің қамтамасыз ету көзделуде. Осы мақсатта — тез салынатын спорт ғимараттарының құрылысын қамтамасыз ету, ауылдағы жас медицина маманына көтерме жәрдемақының 100 ЖТМ-ге дейін арттыру, ауылдағы санитариялық автокөліктерді жабдықтау, ауыл тұрғындарының скрининг тізімін он бір түрге дейін арттыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізілуде.

«ЕЛДІК РУХЫМ – ДОМБЫРА»



«Жастар Рухының» белсенділері мерекелік концерт ұйымдастырды.

Шілденің алғашқы жексенбісі — Ұлттық домбыра күні. Осы атаулы мерекеге орай, «AMANAT» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанаты елорда төрінде «Елдік рухым — домбыра» гала-концертін ұйымдастырды. «Алтын домбыра» өнер орталығының 500-ге жуық шәкірті қазақтың әйгілі күйлерін шертіп, патриоттық әндерді шырқады. Ашық аспан астындағы өнер кеші бас қаладағы Мәдениет және демалыс саябағының аумағында өтті.

«AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек қасиетті домбыра атадан балаға мирас болып, арқауы үзілмей келе жатқан мәйекті мәдени мұрамыз, бірегей ұлттық құндылығымыз екенін атап өтті.

«Ұлттық мәдениет пен өнерді дамыту — біздің саяси платформамыздың негізгі басымдығы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, домбыра — қазақтың жаны, ұлт болмысының айнасы. Халқымыз домбыраның қос ішегімен қос әлемнің сырын ақтарып, қара шаңағына болмыс-бітімін, арман-мұратын сыйғыза білген. Сондықтан

да күмбірлеген күй әуезі рухты асқақтып, бойына күш-қуат сыйлайды. Тыңдаған жанға жана көкжиек ашып, жарқын болашаққа жетелейді. Домбыра отандастарымызды ұйыстырып, әр азаматтың бойында елге, жерге деген мақтаныш сезімін ұялатады. Киелі өнер — халықты бір ниет, бір мұрат жолында біріктіре алады. Қазір елімізде 2 мыңға жуық музыкалық үйірме жұмыс істейді. Онда 100 мыңнан астам жас домбырашы тәлім алады. Домбыраның құдіретті күйі өскелең ұрпақ үшін бар құндылықты бойына сіңіретін тамаша тәлім мектебі болмақ», — деді ол.

«Алтын домбыра» орталығының шәкірттері «Балбырауын», «Адай», «Ерке сылқым», «Әке» сынды танымал күйлер мен өзге де шығармаларды орындады. Алқалаған көрермен жас музыканттардың орындаушылық шеберлігін жоғары бағалады. Сондай-ақ іс-шара барысында осы Өнер орталығының жетекшісі, әнші Ибрагим Ескендір өзінің жана әнін таныстырды.

Еске сала кетейік, былтыр «Жастар Рухы» жастар қанаты домбыраны дәріптеу мақсатында 4 мыңнан астам адам қатысқан Dombura party акциясын ұйымдастырды. Оның барысында танымал күйлер орындалып, түрлі викториналар, байқаулар мен конкурстар өткізген болатын.

● Сіз не дейсіз?

Елнұр БЕЙСЕНБАЕВ,

Парламент Мәжілісінің депутаты,

«AMANAT» партиясы фракциясының жетекшісі:

ЛУДОМАНИЯ РУХАНИ ТҮРҒЫДА АЗҒЫНДАУҒА ӘКЕЛДІ

(Басы 1-бетте)

— Елнұр мырза, аталған заң қандай қажеттіктен туыды?

— Лудомания — адам өмірінде басым рөл ойнайтын, әлеуметтік, кәсіби, материалдық және отбасылық құндылықтардың төмендеуіне әкелетін патологиялық ойын құмарлығы. Құмар ойындар адамдарды тек материалдық шығынға ұшыратып қана қоймай, рухани тұрғыда да әбден азғындатты. Құмар ойынның соңына түскендер дүние-мүлкінен айырылғаны өз алдына, ажырасып, дымсыз қалып жатады. Ажырасу, суицид, қарызға бату секілді мәселелердің алдында осы лудомания тұр. Өздеріңізге белгілі, Атырау қаласында өткен Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында Мемлекет басшысы жастардың ерекше тәуекел тобына жататынына баса назар аударып, лудоманияны басты әлеуметтік мәселелердің бірі деп атады. Бұл тәуелділік өскелең ұрпаққа орасан зор зиян келтіреді. Осыған байланысты Президент мемлекеттік органдарға азаматтардың жеке-леген санаттары үшін құмар ойындарға қатысты шектеу қою бойынша жұмысты күшейтуді тапсырды. Бұл жұмыстың нәтижесі тиісті заңнамалық қосымшаларды әзірлеу болып табылады. Мемлекет басшысы лудоманиямен күресуде тәрбиелік-түсіндіру шараларына баса назар аудару керектігін атап өтіп, лудоманияға қарсы жүйелі жұмысты жолға қоюды, кешенді жоспар қабылдап, тиісті заңды қабылдауды жеделдетуді тапсырды. Осылайша, Парламент ойын бизнесі, лотерея және лотерея қызметі мәселелері бойынша заңнамалық түзетулерді, соның ішінде Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске түзетулерді қабылдады.

— Жаңа заңда қандай бағыттар қамтылды?

— Зандар 6 кодекске, атап өтсек, азаматтық, кәсіпкерлік, еңбек, қылмыстық, қылмыстық-атқарушылық, әкімшілік құқық бұзушылық туралы, халықтың денсаулығы туралы және 15 заңға оның ішінде ойын бизнесі, лотереялар, банктер, жарнама, байланыс, қызметкерлерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру, құқық қорғау қызметі, мемлекеттік мүлік, арнайы ор-

гандар, әскери қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, мемлекеттік қызмет, төлемдер және төлем жүйелері туралы бағыттар бар. Сонымен қатар 2023 жылғы 4 қыркүйектегі Қауіпсіздік кеңесінің отырысында және 2024 жылғы 14-15 наурызда өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысының елдегі лудоманияға қарсы күрес жөніндегі тапсырмаларын орындауға бағытталғандарды қоса алғанда, 100-ден астам түзетулерді қамтиды. Айта кету керек, Үкімет заңсыз ойын бизнесіне және лудоманияға қарсы күрестің 2024-2026 жылдарға арналған Кешенді жоспарын қабылдады, ол ойын бизнесі, лотерея және лотерея қызметі туралы заңның негізгі ережелерімен толық үйлестірілген.

— Лудоманияға қатысты Мәжілістегі заңды талқылау ұзаққа созылғаны белгілі. Заңды талқылау барысында неге көз жеткіздіңіздер? Бұл заңға қарсы қандай да бір мүдделі топтар болды ма?

— Иә, заңды талқылау барысында лобби топтың қысымы өте жоғары болды. Жан-жақтан акпараттық шабуылдар жасалды. Біздің қарастырып жатқан заң нормаларын терісеп бақты. Жеке басқа өтуге тырысты. Осындай форматтағы жағдайлар жиі болды. Әрине, артында букмекерлер мен казино иелері тұрды. Өйткені жана заң бойынша жарнамалар шектелді. Бір ғана мысал, заңмен сондай-ақ борышкерлердің бірінші тізіліміне енгізілген жеке тұлғаларға құмар ойындарға қатысуға және бәс тігуге тыйым салу қосымша анықталады, олардың саны шамамен 3,5 миллион адам. Заң нормаларына сәйкес, мемлекеттік қызметкерлерге құмар ойындардың кез келген қызметі — букмекерлік кеңселер, казинолар және онлайн казинолар шектелетін болады. Осылайша, жалпы саны 300 мыңға жуық адамды құрайтын әскери қызметкерлер, мемлекеттік мекеме қызметкерлері, бюджеттік ұйымдардың басшылары құмар ойындарға қатыса алмайды. Енді қазірдің өзінде өзін-өзі құмар ойыннан шектейтін азаматтардың саны 130 мыңнан асып кетті. Біз Egov сайты арқылы анықтадық. Сонда жалпы саны 4 миллионға жуық тұтынушыларынан айырылып

отыр ғой, шамалап айтқанда. Бұл қазіргі есеп қана. Алдағы уақытта жана заңның ықпалымен бұл көрсеткіш жақсы жағынан өзгере береді. Міне, осыныша тұтынушыларынан айырылар алдында олар қолдарынан келгендерін жасап бақты. Лудоманияға тәуелділікпен күресуде ең бастысы — мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың, сондай-ақ халықтың шоғырландырылған, бірізді және жүйелі жұмысы.

— Заннның өзге де қандай жаңалықтары бар?

— Сондай-ақ өзін-өзі шектейтін тұлғаларға арналған заң құмар ойындарға қатысуды өзін-өзі шектеудің ең жоғары мерзімін 1 жылдан 10 жылға дейін ұлғайтты. Тыйым салуды ертерек тоқтату мүмкін болмайды. Заннның маңызды жаңалықтарының бірі — 21 жасқа толмаған тұлғаларға энергетикалық сусындарды сатуға тыйым салу. Осылайша, бұл норма балаларды энергетикалық сусындардың зиянды әсерінен қорғауға мүмкіндік береді. Заң байланыс операторларына құмар ойындар мен бәс тігуге арналған жарнаманы қамтитын хабарламаларды жіберуге тыйым салады. Букмекерлік кеңсенің немесе тотализатордың орналасқан жерінде, спорт құрылыстарының ішінде және спортшылардың жабдықтарында орналастырылғандарды қоспағанда, ғимараттарда, көлік құралдарында букмекерлік кеңселер мен тотализаторлар ғимараттарының сыртқы жарнамасына тыйым салынады. БАҚ-та спорттық тақырыптағы, сондай-ақ отандық телеарналардың халықаралық спорт жарыстарын тікелей трансляциясы кезіндегі жарнаманы қоспағанда, букмекерлік кеңселер мен тотализаторларды бұқаралық акпарат құралдарында, кино, бейне және анықтамалық қызметтерде жарнамалауға тыйым салынады. Букмекерлік кеңселердің жарнамасын таратқан жағдайда 60 АЕК және одан жоғары айыппұлдар қарастырылған.

— Арнайы уақыт бөліп, сұхбаттасқаныңыз үшін алғыс білдіреміз!

**Сұхбаттасқан
Наурызбек САПША**



■ **Мәжіліс депутаттарының өңірлерге сапары жалғасуда. Каникулға шыққан мәжілісмендер бүгінде дәстүр бойынша халықпен кездесіп, мекемелерді аралап, жүргізіліп жатқан жұмыстар барысымен танысуда. Соның ішінде басты назар «АМАНАТ» партиясының сайлауалды бағдарламасына салынып отыр.**

ҰРЖАРЛЫҚТАРҒА
ЗАННАМА НОРМАЛАРЫ ТҮСІНДІРІЛДІ
Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі Нұртай Сабильянов Абай облысына сапары аясында Ұржар ауылында қоғамдық қабылдау өткізді.

Қоғамдық қабылдау жұмысы барысында азаматтарға құқықтық кеңестер беріліп, әлеуметтік мәселелердің заңнамалық нормалары түсіндірілді. Сондай-ақ кездесу барысында ауылдағы қордаланып қалған бірқатар проблема көтеріліп, түйінді сұрақтар талқыланды. Тұрғындардың бірі жол мәселесін қозғаса, өзгелері өңірдегі медициналық көмекті жетілдіру керегін алға тартты.

Ауыл ақсақалы Пітөт Ахметжанов өңірдегі ауылдардың әкімшілік бөлінісін қайта қарауды сұрады.

«Өңірде жаңа облыс пайда болған кезде ауылдар да екі жаққа бөлінді. Таскескен, Қарақол ауылдары Аягөз ауданынан бөлініп кетті. Алайда Қарақол су қоймасы біз үшін өте керек. Өйткені ауылда көкөніс егіп, күн көріп отырған шаруа көп. Бірақ, өкінішке қарай Қарақол мен Таскескен Ұржар ауданына қосылып кетті. Соларды Аягөз ауданына қайта қосып берсеніздер деген өтінішіміз бар», — деді қария.

Өз кезегінде Нұртай Сабильянов бұл мәселенің ең алдымен жергілікті жерде талқылануы тиіс екенін атап өтті. Тұрғындардың ұсынысы облыс деңгейінде қолдау тауып жатса, мәселе Үкімет қабырғасына да жететін болады.

«Жалпы бұған дейін де қай елді мекенді қай ауданға қосу мәселесі жан-жақты жүйелі түрде қарастырылған. Жалпы, бұл мәселені жергілікті билік пен мәслихат бірлесіп шешуге тиіс. Яғни, бұл жерде жергілікті атқарушы орган тиісті шешімін қабылдағаннан кейін оны облысқа жібереді. Егер облыс қолдаса, онда бұл мәселе Үкіметке жолданады. Содан кейін ғана ұсыныс енгізілетін болады. Ал енді Қарақол су қоймасына келер болсақ, бұл мәселе Мәжілісте көтерілген. Ең алдымен жобалық-сметалық құжаттар жасалды. Одан кейін барып қана оған күрделі жөндеу жүргізіледі. Бұл су қоймасына кезінде қаражат бөлінген, бірақ дұрыс игерілмеген. Ендігі ретте бұл мәселе біздің назарымызда болады», — деді депутат.

Кездесуге Мәжіліс депутатынан бөлек, жергілікті билік өкілдері де қатысты. Тұрғындардың шағымын ауыл әкімі де өз бақылауына алып, тиісті жұмыстарды атқаруға уәде берді.

ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫ
МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ
Мәжіліс депутаттары, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшелері Нуржан Әшімбетов, Вера Ким және Жаркынбек Амантайұлы өңірлерге сапары барысында Павлодар облысындағы «Ертіс орманы» мемлекеттік табиғи орманына барды.



Мұнда депутаттар орманшылармен кездесіп, қорықтың алдағы өрт қаупі кезеңіне дайындығын тексерді. «Ертіс орманы» бас директорының міндетін атқарушы Қазбек Аметовтің айтуынша, техника паркін жаңарту жұмысы жалғасып жатыр. Атап айтқанда, 8 трактор сатып алынған.

«Біз Бұрабай паркінен кейін екінші болып, ерте анықтау жүйесін орнаттық. Биыл сәуір айынан бастап 23 бейнебақылау мұнарасы іске қосылды. Оның кейбірі ақпаратты интернет арқылы емес, телефон желісі арқылы жібереді. Мәселен, 70 өрт ошағының 50-і осы камералар арқылы анықталды. Қызметкерлерді жаңа техникамен қамтамасыз ету жұмысын жалғастыру — аса маңызды», — деді ол.

Өз кезегінде «Ертіс Орманы» орман шаруашылығын қорғау қызметінің бөлім басшысы Қобыланды Атығаев былтыр орманшылардың жалақысы өскенімен, осы салада жұмыс істейтін жүргізушілер мен өрт сөндірушілердің еңбекақысы жоғарыламағанын айтты.

«Сала ардагерлері біртіндеп зейнетке шығып жатыр. Ал жастар қауымы бізге жұмыс істеуге келмейді. Жүргізушілер, тракторшылар, тазалаушылар және өзге де жұмысшылар азаматтық қызметкерлер санатына жатпайды. Бұған қоса, олар ауылдық жерде жұмыс істегені үшін 25 пайыз үстемеақы да ала алмайды. Олардың медициналық жәрдемақысы жоқ. Жалақысы төмен жұмыс орындарында адамдар ұзақ уақыт еңбек етпейді», — деді ол.

Бұл ретте, Мәжіліс депутаты Нуржан Әшімбетов Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2023 жылғы 1 шілдеден бастап тек өрт сөндірушілердің жалақысы көтерілгенін түсіндірді. Болашақта техникалық персоналдың жалақысын 2 есе өсіру қажет.

«Біздің мақсат-міндетіміз — қайғылы оқиғалардан сабақ алып, жағдайдың қайталануына мүлдем жол бермеу. Тиісті жұмыс жүйелі жүргізілуде. Жабдықтарды жаңарту мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Орман шаруашылығы мекемелерін толғандырған бұл мәселе өнеркәсіпті дамыту қоры ұсынатын 3 пайыздық лизинг арқылы шешіледі», — деді депутат.



ЕЛ ТЫНЫСЫМЕН ЕТЕНЕ

Ал депутат Вера Кимнің айтуынша, орман шаруашылығы саласына кадр тарту үшін «Дипломмен — ауылға!» сияқты түрлі мемлекеттік бағдарлама ұсынатын мүмкіндіктерді пайдалану қажет.

«Орман шаруашылығы бейініне сәйкес келетін жоғары оқу орындарын тәмамдаған жас мамандар шалғайдағы орман шаруашылықтарына жұмысқа орналасуға асықпайды. Себебі оларға баспана мен жайлы өмір сүру жағдайын ұсынатын мүмкіндік жоқ. Кадрларды ұстап қалу үшін салада жұмыс істеп жатқан жергілікті жас мамандарға және жалпы жастарға аудан әкімдіктерінен ауданда суранысқа ие мамандықтар бойынша білім беру гранттарын ұсыну, біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру, көтерме жәрдемақы төлеу, тұрғын үй, жұмыс орнын ұсыну тәжірибесін кеңейту қажет», — деді ол.

Айта кетейік, бұған дейін депутаттар Екібастұз қаласына жұмыс сапарымен барып, жылу желілерін қайта құру және ЖЭО жөндеу жұмысының барысымен танысты. Сонымен қатар мәжілісмендер Баянауыл, Успен, Теренкөл және өзге де аудандардың тұрғындарымен бірқатар кездесу өткізді.

МЕКТЕП ҚҰРЫЛЫСЫН
ДЕР КЕЗІНДЕ АЯҚТАУ МАҢЫЗДЫ
Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі Данабек Исабеков Шымкент қаласының Абай ауданындағы Жаңа Тұрлан ша-



ғынауданында болды. Депутат партияның «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасы аясында салынып жатқан 1 200 орындық жаңа мектеп құрылысының барысымен танысты.

Қалада «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 18 мектеп салу жоспарланған. Оның 17 300 орындық 12-сі биыл, қалған 6 мектеп 2025 жылы пайдалануға беріледі. Сайлаушылармен кездесуде депутат Данабек Исабеков құрылысты дер кезінде аяқтап, балалардың білім алуына қолайлы жағдай жасаудың маңыздылығын атап өтті.

«Біз балаларымыздың білім алуы үшін заманауи және қауіпсіз жағдай жасауға ұмтыламыз. «Жайлы мектеп» жобасы аясында салынған мектептер соңғы технологиямен жабдықталады. Оның ішінде мобильді трансформациялық үстелдер, заманауи зертханалар және жоғары жылдамдықты интернет бар. Біздің басты міндетіміз — оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың жан-жақты дамуына барлық жағдай жасау», — деді Данабек Исабеков.

«Жайлы мектеп» жобасында мектептерді бастауыш және орта сыныптарға арналған жеке блоктармен, әмбебап акт залдарымен, балаларға арналған жеке шкафтармен, оқу-зертханалық жабдықтармен, жоғары жылдамдықты интернетпен жабдықтау көзделген. Сондай-ақ физика, химия және биология, робототехника кабинеттері мен STEM-зертханалары болады. Қауіпсіздік мәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді. Мектеп ғимараттары террористік қауіптердің алдын алу үшін бейнебақылау және дыбыстық ескерту жүйелерімен, сондай-ақ есік пен блокты құлыптау функциясымен жабдықталады. Оқушылардың спортпен шұғылданып, саламатты өмір салтын ұстануы үшін бастауыш және жоғары сынып оқушыларына спорт залдары мен түрлі ойын алаңдары салынады. Әр мектепте өз кітапханасы, оқу залы, электронды кітапхана және әр қабатта коуоркинг алаңдары бар.

Айта кету керек, былтыр «АМАНАТ» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында Шымкентте 15 мектеп салынып, 3 мектеп кеңейтілді.

АЛМАТЫ МЕТРОСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Мәжіліс депутаттары Айдос Сарым және Сергей Пономарев Алматы қаласындағы «Қалқаман» метро стансасының құрылысымен танысты. Нысан Абай даңғылы бойында Әшімов пен Айбергенов көшелерінің арасында салынып жатыр.

Наурызбай ауданындағы «Қалқаман» метро стансасы 2026 жылы пайдалануға берілуі керек. Құрылыс барысында сол жақ туннельде 936 метр, оң жақ туннельде 559 метр қазылған. Газбен жабдықтау, электр жүйесі, телекоммуникациялар мен су құбырының сыртқы желілерін көшіру жұмыстары жоспар бойынша жүргізілуде. Депутаттар жұмысшылармен сөйлесіп, құрылыс жұмыстарының кестесімен танысты.

«Жалпы метро құрылысшыларының сауатты және сапалы жұмысын атап өткім келеді. Сонымен қатар «Қалқаман» стансасына дейінгі желі құрылысы 2,5 жылдан бері жүріп жатыр, ал мегаполис кептелістен көз ашпай отыр. Жұмыс ұзаққа созылып барады, құрылыс үшін жер учаскелерін, жеке үйлерді сатып алу қажет, ал иелері сатқысы келмейді, өтемақы сомасына келіспейді. Адамдар соттасып жатыр, тіпті, кей істер Жоғарғы Сотқа дейін жеткен жағдайлар бар. Осы уақыт ішінде жобаның қымбаттауы, қайта бағалау, мемлекеттік сараптама қажет болады. Өз тарапынан, депутаттар заңнамалық деңгейде қолдау көрсетіп, республикалық бюджеттен қаржы бөлінуіне көмектесетін болады», — деді мәжіліс депутаты Сергей Пономарев.

Айта кету керек, бұл жоба «АМАНАТ» партиясының Алматы қаласы бойынша сайлауалды бағдарламасының «Ыңғайлы көлік жүйесі» бөліміне енгізілген, ол 4 стансаның құрылысын қамтитын метро желісін 7,2 шақырымға ұзартуды көздейді. Бұл



«Үйді қалпына келтіруге 5 млн 700 мың теңге бөлінді. Менін ойымша, бұл жеткілікті. Материалдар сатып алынып, жөндеу жұмыс басталып кетті. Оны мерзімінде аяқтау — аса маңызды. Қазірдің өзінде бөренелер ауыстырылып, еден төселді. Жөндеу жұмысы шілде айының соңына дейін аяқталады деп жоспарлануда. Құрылысшылардың атқарып жатқан жұмысына дән ризамын», — деді Павел Вожжов.

Алайда тұрғындардың бәрі бірдей сарапшы-бағалаушылардың пікірімен келісе бермейді. Мәжіліс депутаттары бұл Солтүстік Қазақстан облысы азаматтарын толғандырған ең өзекті мәселенің бірі екенін атап өтті. Су тасқынынан зардап шеккен тұрғындар сметаны қайта қарауды, қосалқы құрылыс нысандарын заңдастыруға қол ұшын созуды, сондай-ақ меншік құқығының болмауына байланысты мәселелерді шешуге көмек көрсетуді сұрап отыр. Депутаттар әр жағдайға терең үңіліп, тұрғындарға өтемақы алу тәртібін түсіндіруде.

«Обыста зардап шеккен азаматтардың 90%-ы — Петропавл қаласы мен Қызылжар ауданының тұрғындары. Бұған дейін біз өтемақы төлеу ережелеріне назар аудардық. Өтемақы тек адам сол тұрғын үйде тіркелген жағдайда ғана төленеді деген норма болды. Мұны дұрыс емес деп санап, депутаттық сауал жолдадым. Бейінді министрлік бұл тармақты алып тастап жатыр», — деді Мәжіліс депутаты Дмитрий Колода.

Большая Малышка ауылында 900-ге жуық адам тұрады. Бүгінде ауылда жаңа фельдшерлік-акушерлік пункт салынуда. Нысанды күзде пайдалануға беру жоспарланған болатын. Алайда құрылысшылар су тасқынына байланысты жұмысты мерзімінде аяқтап үлгере алмай жатыр. Бұл мәселені депутаттар бақылауға алды. Қызылжар ауданында су тасқынынан барлығы 1 546 үй зардап шекті. Бүгінде аудандағы 60-қа жуық тұрғын жаңа үйлерге қоныстанды.

«АТЫРАУ СУ АРНАСЫН» ЖАҢҒЫРТУ — ДЕПУТАТ БАҚЫЛАУЫНДА

Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі Дүйсенбай Тұрғанов «Атырау Су арнасы» еңбек ұжымымен кездесіп, кәсіпорынның жұмысымен танысты.

Қазір су сорғысы және сүзу стансаларын жаңғырту бойынша екі жоба іске асырылып жатыр, олардың құны 10 млрд теңгені құрайды. Депутат аймақтағы кәріз және тазарту құрылыстарының дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету қажеттігін атап өтті.

«Бүгінде Атырау қаласында коммуналдық желілерді жаңғырту, 33,2 шақырым кәріз жүйесінің күрделі



жөндеу жұмысы қарқынды жүріп жатыр. Сондай-ақ Сәтпаев даңғылы бойынша кәріз коллекторын жөндеу жұмыстары жалғасуда. Қалада және жақын маңдағы елді мекендерде тозығы жеткен 60,1 шақырым кәріз құбырына күрделі жөндеуде. Ең алдымен Құлманов, Сәтбаев, Канцев, Өтемісов және Момышұлы көшелеріндегі жалпы ұзындығы 30,7 шақырымды құрайтын апатты желілер жөнделетін болады.

Қыркүйек айында Мәжіліс депутаттары республикалық бюджет жобасын қарайды. Сол кезде біз Атырау қаласының су құбырларын жөндеуде қажетті келесі жылғы қаржыландыру мәселесін шешуге тырысамыз. Бұл бірлескен қаржыландыру болады, бір бөлігі — облыс бюджетінен, екіншісі — республикалық бюджеттен. №6 сорғы-сүзгі стансасының тозуы 95 пайызға жетті, бұл 1940 жылы салынған ғимарат. Жобалау-сметалық құжаттама дайын, қазір мемлекеттік сараптама кезеңінде тұр», — деді Дүйсенбай Тұрғанов.

Депутат сондай-ақ, жазғы уақытта қала маңындағы тұрғындар суармалы су үшін пайдаланатын судың тапшылығына назар аударды. Оның пікірінше, алдағы 2-3 жылда сумен қамтамасыз ету мәселесі шешілетін болады.

Айта кету керек, «АМАНАТ» партиясының Атырау облысы бойынша сайлауалды бағдарламасы аясында 2027 жылға дейін 14 ауылға су құбырларын тартып, 5 ауылда су тазарту блок модульдерін орнату, сондай-ақ Атырау және Құлсары қалаларындағы су тазарту құрылыстарын жаңғырту жоспарланған.

Жақында Ұлттық банк маусым айында ұлттық валюта бағамы 5,5 пайызға әлсірегенін мәлімдеген болатын. Қазір соңғы 6 аптада құны төмендей түскен теңгенің 1 АҚШ долларына шаққандағы бағамы 480,77 теңгеге жетті. Отандық сарапшылардың айтуынша, бұл үрдіске ішкі факторлардың әсері бар. Ал сыртқы экономикалық факторлардың динамикасы жақсарғанымен, ұлттық валюта бағамына ықпалы төмен болып отыр. Себебі соңғы кезде Brent маркалы мұнай бағасы маусымда 13 пайызға көтеріліп, барреліне 87 АҚШ долларына жетті. Ал дәл осы уақыт аралығында теңгенің долларға шаққандағы құны 6 пайызға әлсіреді.

Кәмила ЕРКІН

Шетелдік валютаға деген сұраныстың артуына трансферттер көлемінің салыстырмалы түрде азаюы негіз болды. Сәйкесінше, сарапшылар бұл теңге бағамын нарықтағы сұраныс көлемімен теңестірді деген пікірде. «Нарықтың ірі қатысушылары тиімді айырбас бағамының параметрлерін ескере отырып теңге бағамын байсалды түрде бағалай бастады деп түсінеміз» дейді олар. Алайда мамандар теңгенің бұлай тез әлсіреу динамикасын «қолдан жасалған» болуы мүмкін деп болжайды. Сондай-ақ бұл отандық валюта нарығының ұзақ уақыт бойы «тиімсіз» күйде болғанын көрсетеді.


TengenoMika сараптама порталы осыған дейін ұлттық валюта бағамының 1 АҚШ доллары үшін 480 теңгеден асуы психологиялық шекті көрсеткіш деп мәлімдеген. Валюта нарығындағы бұл межеге теңге өткен жылдың қыркүйек-қазан айында және 2022 жылдың қыркүйегінде жеткен еді. «Былтырғы жылдың аяғында және биылғы жылы бағамды нығайту үшін Ұлттық қордағы мұнайдан түскен АҚШ долларларын сату қатты әсер еткені анық. Соңғы айда курстың күрт әлсіреуі жинақталған осынау теңсіздіктің салдары», — дейді мамандар.

NalykFinance компаниясқа төрағасының кеңесшісі, экономист Мұрат Темірхановтың айтуынша, маусымда Ұлттық қордан валюта сатуды ұлғайту шілдеде теңгенің нығайуына әкеледі деп күткен. Себебі



ТЕҢГЕ ТЕҢСЕЛІП ТҰР

ҚР Ұлттық банкі ұсынған теңге-доллар валюта жұбының ресми (нарықтық) бағамы (3-10 шілде, 2024)



Үкіметтің Ұлттық қорды ай сайын пайдалану жөніндегі жоспарды нақтылауы және қатан сақтауы, сондай-ақ Ұлттық қордан валютаны сатып алу және сату бойынша қатан ережелері болуы өте маңызды. Өкінішке қарай, бюджеттік жоспарлау және Үкіметтің жоспарларын орындау — нақтылауды талап ететінін Жоғары аудиторлық палата да, біз де бірнеше рет атап өткен болатынбыз», — деді экономист.

Дегенмен Ұлттық банк транспаренттілік қағидаты аясында валюта нарығында жүргізілетін барлық операция туралы ақпаратты толық ашып көрсетуді мақсат ететінін алға тартады. Қаржы реттеуші қысқамерзімді перспективада теңгенің динамикасы нарыққа қатысушылардың күтулеріне, тоқсандық салық төлемдеріне, әлемдік нарықтардағы ахуалға және

геосаяси жағдайдың өзгеруіне байланысты болатынын айтуда.

«Ұлттық банк теңгерімсіздіктің жинақталуын болдырмайтын және алтын-валюта резервтерінің сақталуын қамтамасыз ететін икемді бағам белгілеу режимін ұстана береді. Ұлттық банк БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін 30% деңгейінде ұстап тұру үшін маусымда биржалық сауда-саттықта шетел валютасын сатып алуды жалғастырды. Оның жалпы сомасы 293 млн АҚШ долларын немесе нарықтың жалпы көлемінің шамамен 8%-ын құрады. Ұлттық банк маусымда валюталық интервенциялар жүргізген жоқ. 2024 жылғы шілдеде БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін ұстап тұру үшін 250 млн АҚШ долларынан 350 млн АҚШ долларына дейінгі мөл-

КҮРМЕУІ ШЕШІЛМЕГЕН КОДЕКС

Еліміздің құрылыс саласында дау тұғалы тұр. Ол қазір Мәжілістің қарауында жатқан Құрылыс кодексімен байланысты. «Қазақстан Құрылысшылар одағы» РЗТБ оны жасап шығарушы орган – Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне кері қайтарып, жетілдіре түсу қажет деп санайды. Бірақ олардың бұл талабын ӨҚМ елемей отыр. Сол себепті ҚҚО осы мақсатта петиция қабылдап қана қоймай, министр Шарлапаевтың отставкасын да талап етуде.

Нұрлан ҚОСАЙ

БҰЛ ПЕТИЦИЯ БҰРЫНҒЫДАН ӨЗГЕРЕК

Қазір Канат Шарлапаевтың министрлігі елімізде резонанс тудырған утильалымға қатысты петиция бойынша жұмыс істеп жатқанын білеміз. Үлкен тартыспен жүзеге асып жатқан бұл топпен кездесулер күрделі де қиын жүруде. Ендеше Өнеркәсіп және құрылыс министрлігін алдағы уақытта тағы да бір петиция күтіп тұрған сияқты. Ол — қазір Мәжілістің қарауында жатқан Құрылыс кодексінің ӨҚМ-ге қайтарып беру туралы петиция. Оның бастамашысы Құрылысшылар одағының арыны қатты. Олар жай мәселенің шешімін ғана емес, министрдің отставкасын да талап етіп отыр. Оған себеп — жалғыз кодекс қана емес, жалпы салаға түбегейлі өзгерістер қажеттігі.

«Заң жобасы Президент берген тапсырмаға атауынан бастап құрылыс саласын монополизациялау туралы тапсырмасына дейін сәйкес емес. Онда орта және шағын бизнесті қолдау шарттары көрсетілген. Жана Құрылыс кодексі сәулет және қала құрылысы саласында прогрессивті және жүйелі тетіктерді құруға, құрылыс процесінің барлық кезеңін онлайн бақылауға мүмкіндік беретін e-Quilys ақпараттық жүйесін заңнамалық деңгейде енгізуге тиіс еді. Бірақ олай болмай тұр. Өкінішке қарай, елімізде бүгінде қалыптасқан жағдайды түзетудің барлық ауыртпалығы заң шығарушы билік тармағына түсіп тұр. Ал шындығында, Конституцияға сәйкес Мәжілістің айрықша құзыреті — нормативтік-құқықтық актілерді кем-кетігін толықтырып отыру емес, Парламентке ұсынылған конституциялық заңдар

мен жай заңдардың жобаларын қарауына қабылдау ғана. Ол себепті біздің ұйым Құрылыс кодексін дұрыстап дайындау үшін Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне кері қайтаруды ұсынады. Ол үшін министрлік қала құрылысы, сәулет және заң шығару саласындағы сарапшыларды тартуы қажет», — дейді «Қазақстан Құрылысшылар одағы» РЗТБ төрағасы Талғат Ергалиев.

Мұнысы аздай, ҚҚО министрді орнынан алып тастауды талап етіп отыр. Олар оның өз лауазымын атқаруға кәсіби тәжірибесі жететініне күдік танытып, сектордағы бейінді үкіметтік емес ұйымдармен жұмыс жүргізбей отырғанын сынға алды. Канат Шарлапаевтың құрылыс өнеркәсібі мен нарық тенденциялары тұрғысынан жүйелі білімі, өзіндік ойы жоқ деп санайды. Сол себепті де, ведомствонын қай саясаты да бұл саланы күйретіп, жойып жіберуге бағытталған.

«Министр нарық үшін, құрылысты дамыту үшін жұмыс істеуге тиіс. Қоғамдық бірлестік өкілдерінің пікірін тындап, уақыт тынысын сезіп, қазіргі тенденцияның барлығын ескеруі керек. Өйткені оның қызметі — дипломатия мен нарықтың барлық қатысушысының мүдделерін ескеруді талап ететін саяси лауазым. Ол керісінше, ешкіммен хабарласпайды, саланы дамытуды ешқандай да жоспарын ұсынып отырған жоқ. Ұсынған жағдайда да өзі тандап алған ат төбеліндей топпен ғана ақылдасып отыр. Ал құрылыс дегеніміз — экономиканың локомотиві. Оны бейінді сектордағы ҰЕҰ-лармен ауызбірлікте, кәсіпқойлар мен нарықтың негізгі ойыншыларының пікірін ескеріп отырып қана тиімді басқаруға болады. Менің ойымша, министрдің бұл салада білімі жоқ және қарапайым коммуникация машықтары аз. Сондықтан да оған қоғаммен етене жақын болғаны дұрыс», — дейді республикалық Заңды тұлғалар бірлестігінің басшысы.

Оның айтуынша, биыл бұл салада қабылданатын заң жобасы көп. Сондықтан да олар болашақта нәтижелі жұмыс істеуі үшін ведомство мен қоғам арасындағы байланыс мықты болуға тиіс. Олар — Құрылыс кодексінен бөлек, «Кооперациялар туралы», «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңдар. Ал «еститін мемлекет» концепциясында алалау болмауы керек. Сонда ғана біз құрылыс индустриясының стагнациясынан, нарықты сауықтыратын ипотекалық бағдарламалар-



дың жоғынан және тағы да басқа күрделі мәселелерден құтыламыз. Десе де, министрлік тарапынан ҚҚО-ның қай талабына да (петицияға да, отставкаға да) жауап болмай отыр. Ал жарияланғанына 2 апта ғана болған петицияға әзірге 500 адам ғана қол қойған.

ЖОЛЫ АУЫР КОДЕКС

Құрылыс кодексі былтыр тамыз айында АшықНҚА порталына орналастырылғаннан бастап сыннан көз ашпай келеді. 250 баптан тұратын бұл құжат қабылданар болса, 4 кодекс пен 13 заңға өзгеріс енгізілуі қажет. «Бұл құжат таныстырылған кезде өте әдемі сипатталып, көрікті сөздермен жеткізілгенімен, іс жүзінде қойылып отырған талаптарға сәйкес келмейді. Кәсіби маман болса, бұл саладан хабары жоқ адам оны расында да керемет жоба деп ойлап қалуы мүмкін. Ал шындығында ол бүгінде қолданыста бар заңдар мен НҚА-лардың қойыртпақ быламығы, тек дайындаған министрлік оны әдемі цифрлармен, инновациялармен бүркемелеп отыр. Ал концепциясы мен мазмұнында өзгеріс жоқ. Ондағы айтылғандар қазір қолданыста бар нормалар», — дейді оны алғашқылардың бірі болып сынға алған сарапшы Ирина Манжанова.

Келесі бір сарапшы кодекстің бұрынғы атауын қалдыру қажет деп санайды. Өйткені

шерде валюта сатып алу күтілуде», — делінген ҰБ хабарламасында.

Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы да ішкі нарықтағы конъюнктура тұрақты болса да, дүниежүзілік экономикалық ахуал оң болса да еліміздегі шетел валютасына деген сұраныс ұсыныстан асып түскенін атап өтті. «Дегенмен бұл жағдайды халықтың жазғы саяхатқа жиі сапарлап, мекемелердің импорттық тауарларды сатып алуы мен сыртқы міндеттемелерін өтеуінен деп те түсіндіруге болады. Сауда-саттық көлемі де 170,7 миллион долларға дейін өсті, бұл алдыңғы кезеңдермен салыстырғанда, 40 миллион долларға өсті», — деді мамандар.

Қазақстандық жетекші сарапшылардың бірі Андрей Чеботаревтің пікірінше, ұлттық валюта бағамы орташа мәнге оралды. Сарапшы оған өткен аптадағы құбылмалылық деңгейінің 0,4% деңгейінде қалғаны дәлелдейді дейді. Жалпы, бұл

теңгенің жаңа деңгейде біршама тұрақталғанын көрсетеді.

«Рубльге қатысты теңге бағамы аптасына 2%-ға нығайғаны да ойландырады, өйткені 1 рубль үшін 5,4 теңгені құрады. Алайда рубльдің өзі долларға қатысты 3,1% әлсіреді. Ресей валютасының әлсіреуіне РФ Орталық банкінің шетелдік валюта сатылымын төмендетіп, валюта түсімінің азаюы, РФ Қаржы министрлігі тарапынан алтын-валюта активтеріне сұраныстың өсуі әсер етті. Осы фактордың барлығы көршілес нарықта валюта ұсынысының төмендеуі аясында рубль бағамының әлсіреуіне негіз болады», — дейді ол.

Қаржыгер Арман Бейсембаевтың пікірінше, қазіргі ұлттық валютаның әлсіреуі «серіппе әсеріне» ұқсайды. Өйткені соңғы уақытта негізсіз нығая түскен теңге нарықтағы сұранысқа сай мәнге орала бастаған. Оның пайымдауынша, доллар бағамы тепе-теңдік мәндеріне жетіп, ал теңгенің одан әрі айтарлықтай әлсіреуі егіталай. Алайда қысқа мерзім ішінде долларға шаққанда 486 теңгеге дейін өсуі мүмкін, ал ең нашар жағдайда бағам 503 теңгеге дейін жетуі мүмкін.

Бейсембаев сондай-ақ маусым айындағы факторлар инфляцияның төмендеу қарқынын бәсеңдетуі мүмкін екенін атап өтті. Оның пікірінше, теңгенің құнсыздануынан кейін елдегі инфляция қайта өсуі де ғажап емес. Себебі курстың қазіргі әлсіреуі инфляцияның төмендеуін тоқтатып қана қоймай, оның жыл соңына дейін 0,1-0,3%-ға қалыпты өсуіне негіз болады деп болжайды мамандар.

өнеркәсібін реттеудің жаңа сындарлы жолдарын ұсынуы тиіс болатын. Өкінішке қарай, сол баяғыша жазалау риторикасына құрылған ережелер жинағы деңгейінен аса алмай қалған.

«Мәселен, 83-бапта «рекреационды аймақтарға құрылыс салуға рұқсат сақталып қалған. Ол ойын-сауық, демалыс мақсатындағы нысандар. Ал 11-бапта тіпті осындай аймақтарға, яки өзен-көлдердің сағаларына, орман, тоғай, жағажайларға саяжай, бақша, бау-бақша салуға рұқсат етіледі. Бұл бұған дейінгідей тағы да жаппай құрылыс жүргізуге алып келіп, биылғыдай су тасқыны кезінде тұрғын үйлер мен қора-сарайлардың қирауына, тіпті кісі өліміне алып келуі мүмкін. Орман өрті кезінде де талай ауылдардың зардап шегіп жатқанын көріп жүрміз. Ал Ұлттық парктездегі жерлерді бай-бағбандар иеленіп алып, тұмса табиғатты бұзып жатқан деректер тағы да бар. Сондықтан да бұл баптарды қайта қарау керек», — дейді сәулетші-сарапшы Надежда Текенова.

Өз уақытында бұл заңға депутаттар да қарсы шыққан болатын. Белгілі заңгер Бақытжан Базарбек: «Бұл — өте әлсіз құжат. Үш заңды біріктіре салған» деп ашық сынап тастады. Жана нормалар адамдардың құқықтары мен бостандықтарына қайшы, керісінше, құрылыс компанияларының мүддесін көздейтінін, кезінде оны қорғау үшін қабылданғанын айтты. Сол лобби жана кодекс жобасына да кіріп кеткен. Сондықтан да ол бұл құжатты қабылдапнауға барын салатынын жеткізді.

«Бас жоспар бар және ПДФ бар. Оны 5 жылда өзгертуге болмайтын. 2018 жылы құрылыс лоббидің кесірінен 47/1 деген бапқа өзгеріс еніп, енді жылына 2 рет өзгертуге болатын болды. Соның салдарынан барлық қалада қазір заңсыз құрылыстар көбейіп кеткен. Соны сүйреп, еш ұлмастан кодекске әкеліп отыр. Менің өзім одан 100-ге жуық кемшілікті көріп отырмын. Осыншама кемшілігі бар заң жобасын дайындау үшін бюджеттен 382 млн теңге бөлінген. Бұл өте сорақы жағдай. Мұнымен тиісті органдар айналысуы керек. Мұндай заңды қабылдауға болмайды», — дейді Мәжіліс депутаты Бақытжан Базарбек.

Тізе берсе, бұл құжатқа айтылар сын өте көп. Олардың әрқайсысын тыңдаған сайын Құрылысшылар одағының министрлігін отставкасын талап етуі дұрыс па деп те қаласын. Өйткені, расында да жаңа құжатта жаңа ештеңе жоқ. Бірақ осы уақытқа дейінгі құйқалы жерлерді қарпып қалу мен ірі құрылыс нысандарын белгілі бір топқа беру деген лобби әлі де болса айқын көрінеді.

Мәжіліс депутаты Асхат Аймағамбетов Денсаулық сақтау министрлігінің онкологиялық ауруларды емдеуге бөлінетін қаражатты қысқартқанын сынға алып, жаман аурудан жыл сайын 13 мың адам қайтыс болатынын, науқастарды ерте анықтау деңгейі, екінішке қарай, өте төмен болып тұрғанын айтып, дабыл қаққан болатын.

Депутат көтерген мәселеге орай және осы салада қандай жұмыс атқарылып жатқанын білу үшін Қазақстан онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтының басшысы, Денсаулық сақтау министрлігінің штаттан тыс бас онкологі Дияра Қайдаровамен сұхбаттасқан едік.



Дияра ҚАЙДАРОВА,
бас онколог:

НАУҚАСТАР ЗАМАНАУИ ЕМ АЛУҒА ТИІС

үңілер болсак (2010-2023 жж), 2010 жылдан бастап онкологиялық ұйымдарда есепте тұрған пациенттер саны 50,6%-ға, 144 899-дан 218 186 науқаска дейін өсті. Катерлі ісіктері бар бастапқы науқастардың саны 2010 жылы 29 574-тен 2023 жылы 41 515-ке дейін өсті, бүкіл кезеңде 28,8%-ға өсті. Катерлі ісік түрлерімен сырқаттанушылық дәстүрлі түрде ШҚО, СҚО, Қостанай, Павлодар, Қарағанды облыстарында ең жоғары деңгейде болып отыр.

Қазір катерлі ісікті уақытылы диагностикалау көрсеткіші де жақсарды. Ал катерлі ісік ауыруынан қайтыс болған науқастардың саны 30,9%-ға немесе 4 002 адамға қысқарды (2010 жылғы 16 960-тан 2023 жылы 12 958-ге дейін қысқарды). 2019 жылдан 2023 жылға дейін қайтыс болғандар саны 8,6%-ға төмендеді. 5 жыл және одан да көп өмір сүретін катерлі ісік аурулары бар пациенттердің саны 2010 жылдан бастап 58,6%-ға, 74 177-ден 117 616 адамға дейін артты.

Біздің басты міндетіміз — катерлі ісіктің ең көп тараған түрінің деңгейін төмендету. Локализация тұр-

(30 жастан 70 жаска дейінгі әйелдер, 4 жылда 1 рет), колоректальды обығра скрининг (ерлер мен әйелдер 50 жастан 70 жаска дейін, 2 жылда 1 рет).

Уақытылы диагностиканың арқасында 2022 жылы сүт безі обыры бар науқастардың 5 жылдық өмір сүру деңгейі 71,6%-ға дейін, жатыр мойны обыры 67,5%-ға дейін, колоректальды обыры 52,9%-ға дейін өсті.

2021 жылы «Қазақстан Республикасының халқына онкологиялық көмек көрсетуі ұйымдастыру стандарты» әзірленіп, бекітілді. Осы стандартқа сәйкес бірінші деңгейдегі МСАК

Олармен жұмыс істейтін, техника «тілін білетін» білікті мамандар жеткілікті ме?

— 2018-2022 жылдарға арналған Кешенді жоспарда Алматыда және Қазақстанның басқа өңірлерінде ПЭТ-орталықтарды ұйымдастыру көзделген болатын. Бүгінде Қазақстанда 9 аппараты бар кемінде 7 ПЭТ-орталық жұмыс істейді. Қазақстанның басқа өңірлерінде ПЭТ-орталықтардың құрылысы пысықталуда.

Қазір Қазақстанның онкологиялық ұйымдарында пациенттерге қашық-тықтан жоғары технологиялық сәулелік терапия (томотерапия, стереотаксис, IMRT, IGRT), интра-операциялық сәулелік терапия, аз инвазивті хирургия жүргізіледі. Клиникалық тәжірибеде әртүрлі биологиялық маркерді (иммуногисто-химия, молекулалық-генетикалық зерттеулер) анықтау бойынша қызметтер ұсынылады, бұл онкологиялық науқастарды дербестендірілген емдеуге мүмкіндік береді және катерлі ісіктердің молекулалық-биологиялық ерекшеліктерін неғұрлым егжей-тегжейлі зерттеу мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Сонымен қатар ісікке қарсы препараттардың тізімі ұлғайды. Осылайша, 2022 жылы 197 препаратты (23 мақсатты 4 иммуно-онкологиялық препарат) ТМҚКК шеңберінде онко-

гип, пилоттық өңірлердің әкімдіктерімен және өңірлік онкологиялық орталықтармен серіктестікте іске асыруда.

— Еліміздегі жалпы онко-клиникаларға ортақ қандай проблемалар бар? Сіздің ойыңызша, оларды шешу жолдары қандай?

— Соңғы жылдары онкологиялық көмекте қол жеткізілген белгілі бір жетістіктермен қатар, оны көрсетудің қол жетімділігі мен сапасын арттыру үшін негізгі мәселелер: мамандардың біліктілігін арттыруға және жергілікті жерлерде жабдықтар паркін жанартуға байланысты бірқатар және басқа да мәселелерді шешуіміз керек. Онкологиялық көмекті жетілдіру — өзекті міндет: жыл сайын 40 мыңға жуық қазақстандық азаматта «катерлі ісік» диагнозы расталады, 13 мың пациент қайтыс болады.

Президенттің «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасында онкологиялық көмекті жаңғырту, онкологиялық көмек көрсетуде және катерлі ісіктерді емдеуде жоғары нәтижелерге қол жеткізген елдерге ұқсас онкологиялық науқастарға диагностикалау, емдеу және оңалту үшін жағдай жасау қажеттігі атап көрсетілген.

Қазіргі проблемаларды шешу үшін Қазақстан Республикасында онкологиялық аурулармен күрес жөніндегі 2023-2027 жылдарға арналған кешенді жоспар — катерлі ісіктің пайда болу жиілігін төмендету, онкологиялық науқастардың өмір сүруін ұлғайту үшін қажетті негізгі өзгерістерді жүргізуге қабілетті бес жылдық стратегия ретінде әзірленді.

Бұл онкожоспардың шеңберінде Бүздік халықаралық практикалардың озық тәжірибесі пайдаланылатын болады. 2023 жылдан бастап онкологиялық көмек көрсететін медициналық ұйымдар желісін жаңғырту, көпдеңгейлі жүйе негізінде көпбейінді медициналық көмек көрсету қағидаттарын іске асыра отырып, онкологиялық ұйымдар желісін реформалау жоспарлануда. Жоспарды іске асыру — азаматтарымыздың ерте кезеңдерде катерлі ісік диагностикасының заманауи технологияларына қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Компьютерлік, магниттік-резонанстық, позитрон-эмиссиялық томографияны, радиоизотоптық зерттеулерді пайдалана отырып, заманауи сәулелік диагностика аппараттарында тексерілу мүмкіндігі едәуір артады, телемедицина, жасанды интеллект мүмкіндіктерін белсенді енгізу көзделген.

Онкологиялық пациенттер Қазақстанның әрбір өңірінде әлемдік стандарттар деңгейінде заманауи сәулелік ем алуға тиіс деп санаймыз. Өңірлік онкологиялық орталықтарында ем алған кезде пациенттер үшін қолайлы жағдай жасалатын болады. Ауылдық жерлерде тұратын пациенттер жылжымалы медициналық кешендердің мобильді қызметтерін пайдалану мүмкіндігіне ие болады, паллиативтік көмек пен оңалту сапасы артады. Онкологиялық жоспарда медициналық кадрларды даярлауға үлкен мән беріледі. Еліміздің онкологтары әлемнің жетекші онкологиялық орталықтарына қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға жіберіледі.

Ұлттық технологияларға да баса назар аудара отырып, кешенді жоспардың іс-шараларын іске асыру, онкологиялық аурулардың алдын алу, диагностикалау және емдеудегі Қазақстан мен әлемнің жетекші елдері арасындағы алшақтықты жоюға мүмкіндік береді.

— Онкологиялық ауруларды емдеуге бөлінген бюджетті 20 пайызға қысқарту туралы шешімге көзқарасыңыз қандай? Депутат Асхат Аймағамбетов айтқандай, қаражатты қысқартуға қандай да бір ғылыми себеп бар ма?

— Біз жұмыс тобын құрдық және ол мәселе шешімін табуы керек. Ал біз онкологтар қандай тарифтерді төмендетуге болатынын және қайсысын төмендетуге болмайтынын көрсетуіміз керек, яғни бұл жағдайда бірде-бір онкологиялық науқас зардап шекпейді. Біз қазір осы тарифтерді қайта қарауды және әр тарифті жеке-жеке қарауды сұрап отырмыз. Депутаттар дұрыс шешім қабылдайтынына сенеміз.

— Ракмет!

Сұхбаттасқан
Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ



аймақтарда 15 онкологиялық диспансер (Орталық), көпбейінді стационарлар жанындағы 5 онкологиялық бөлімше жүзеге асырады.

Онкологиялық көмектің бірінші деңгейін 2 378 қарау бөлмесі, сондай-ақ 499 онкологиялық кабинет жұмыс істейтін алғашқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдары (МСАК) көрсетеді.

2023 жылдың қорытындысы бойынша, барлығы 218 213 онкологиялық пациент динамикалық бақылауда тұр (2022 жылы 205 822 пациент), өсім 5,7% құрады. Әйелдер (56,9%, 23 613 жағдай) ер адамдарға қарағанда жиі ауырады (43,1%, 17 902 жағдай), бұл катерлі ісік ауруының құрылымымен түсіндіріледі. Науқастардың ішінде 55,6% — 18 жастан 64 жаска дейінгі еңбекке қабілетті жастағы адамдар. Қазақстандағы онкологиялық аурулардың статистикасына

ғысынан қиын ісіктерде (бауыр обыры, ұйқы безі обыры, бүйрек обыры және т.б.) диагностикалау және тіркеу проблемасы әлі де бар, аталған катерлі ісіктерді диагностикалау әдістері соңғы бірнеше жылда жетілдірілуде, ПЭТ/КТ диагностикасы және ядролық медицина (сцинтиграфия) әдістері кенінен қолданылады.

— Онкологиялық ауруларды ерте кезеңде анықтауға арналған скрининг зерттеулері қаншалықты тиімді? Азаматтардың скринингтен өту мәдениеті қалыптасты ма? Бұл тәжірибе енгізілгені бері онкологиялық ауруларды анықтау, оны емдеу мәселелері қаншалықты шешімін тапты?

— Қазір МӘМС шеңберінде Қазақстан халқы үшін онкологиялық скринингтердің 3 түрі қолжетімді: сүт безі обырына скрининг (40 жастан 70 жаска дейінгі әйелдер, 2 жылда 1 рет), жатыр мойны обырына скрининг

ұйымдарында катерлі ісікке күдікті пациенттерді тексеру «жасыл дәліз» шеңберінде жүргізіледі және 18 жұмыс күнінен аспауға тиіс. Облыстық онкологиялық орталықтар деңгейінде диагнозы тексеру және процестің таралуын анықтау жүргізіледі. Үшінші деңгейдегі онкологиялық орталықтарда (ҚазОжРҒЗИ, ҰҒОО) емдеу тәсілдерін дербестендіру үшін тереңдетілген диагностика жүргізіледі.

Қазақстанда онкологиялық көмек көрсету стандарты үнемі жетілдіріліп отырады, оның ішінде Қазақ онкология және радиология ҒЗИ сараптамалық қоғамдастығының қатысуымен клиникалық хаттамаларды өзектендіру жүргізілуде. Сондай-ақ онкологиялық оңалту бойынша стандартты әзірлеу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

— Саланы заманауи құрал-жабдықтармен қамту толық шешімін тапты ма?

Үнемі динамикалық қозғалыста болып, дамуды, ілгерілеуді ғана мұрат тұтқан жарықтық қариядай дана, мәңгі көктемдей жасыл, теңіздей шалқар әдебиетіміздің, үнемі толқыныста, дамуда болатын кең шалқар, әдебиет айдыны әлемінің көш керуенінде өзіндік орнын ойып алған Бауыржан Жақыптың есімін қазір ісі қазақ жаксы акын ретінде жаксы біледі әрі құрметпен атайды десем, артық айтқандық болмас. Өйткені поэзия әлеміне алғаш, бұдан тура қырық жыл бұрын республикалық жас ақындардың творчестволық «Жігер» фестивалінде «Ұршық» деген өлеңі жүлделі бірінші орын алды. Сол өлеңмен танылған бұл есім, содан бері өлеңнің отын қалап, қып-қызыл шоғына маңдайын қыздырып, талмай көсеп, шынайы шығармашылықтың қазанында қайнап, Жайықтың бұйра толқынындай ғажайып жырларымен, ойлы өлеңдерімен жырсуйер қауымды сүйсіндіріп келе жатқаны баршаға аян. Осы фестивальге біз де, арамызда Онғүстік өңірден акын Әкім Ысқақ, қарағандылық акын Қуаныш Максұтов қатысып, қолымызға табақтай диплом алып қайтқанбыз. Қасиетті қара шаңырақ, киелі орда — Қазақстан Жазушылар одағында ол кездері мүйізі қарағайдай, аттары әлемді шарлап кеткен жазушылардың жұлдызды бек шоғыры әдебиет майданының көрігін қыздырып жүретін. Олжас Сүлейменов басшылық ететін, ірі суреткер, көрнекті акын-жазушылар Әбділлә Тәжібаев, Сағи Жиенбаев, Мұзафар Әлімбаев, Тұманбай Молдағалиев, Қадыр Мырзалиев, Ғариза Оңғарсынова, Марал Ысқақбаев, Мұхтар Шаханов, Сәбит Досанов, Марфуға Айтхожина, Ақшұтап Бақтыгереева, Қалихан Ысқақ, Қабдеш Жұмалілов, Қалдарбек Найманбаев, Қалтай Мұхамеджанов, Шәрбану Құмарова, Қанипа Бұғыбаева, Күләш Ахметова, Рафаэль Ниязбеков, Аян Нысаналин сынды таудай тұлғаларды — аға-апаларымызды көріп, таң-тамаша болатынбыз. Ол кісілердің сол мүшәйраға келіп, залдың көркін ашып, самаладай болып отырғаны, жастарды тындап, өлеңдеріне аса мән беріп, жақсысына қол соғып, кәдімгідей қуанып отырғандарына куә болғанбыз. Әрі қазіргі уақыт деңгейімен, қазіргі таңдағы жағдайымызбен қарап, тәңті болатынымды жасыра алмаймын. Бауыржанның мықтылығын мен, әдебиеттің қаймағын меймілдетіп толтырып тұрған осындай, әрқайсысының алтын тағы бар алқалы топ алдында оқығанда танып, түйген екем. Өзін одан бұрын да ҚазМУ-дың Журналистика факультеті Мұхамеджан Сералин атындағы бірлестігінің белсенді мүшесі ретінде танытып, сол бірлестікте акқұба өңді, қап-қара шашы маңдайының жартысына ғана жараса төгіліп тұратын, тебіндеген бала мұртты, бағдан тұлғалы балаң жігіт қоңыр дауысымен өлең оқушы еді. Сөзі де, өлеңі де дәмді болатын. Біз бірге оқыдық, Бауыржан бізден бір курс төмен оқыған болатын. ҚазМУ-дың атакты 5-жатақханасындағы студенттік, қайталанбайтын алаулы жастық кездеріміз, ол бөлек әңгіменің арқауы дер ем...

Тамылжып мың сан болу жер көзінен,

Көзді арбар әр алуан өрнегімен.

Көк жота, қызыл адыр, күрең белі,

Тойған қозы секілді дөңдерімен.

Ыстық ол көдесімен, көкпегімен,

Жусанды, бетегелі бөктерімен.

Кетердей түрегеліп түйе таулар

Дәл қазір көз алдымда шөккенімен.

Бұл — Бауыржанның жүрекжарды өлең шумақтары. Байтақ даласының тауы мен бауы, өрекпіген өзені мен жыңғылды өзегі, бүлдіргенді сайы мен қызғалдақты қыры, шөптері мен шөңгесі, гүлі мен мүгіне дейін термелеп, олардың әрқайсының атын атап, қайыс қамшының қос өріміндей өлең жолдарына шеберлікпен жымдастыра өреді. Жоғары пафоста жырлайды. Өзінің ел мен жерге деген оттай ыстық сезіміне орай, сені де сол сезімнің құшағына алады. Алдымен ұшқынына еліткізіп, соңына ертіп, алау-далау сезімдермен жүре-

сезім басқаша, салмағы қорғасындай, өзінің нағыз мағынасындағы, шынайы патриоттық сезім. Сол сезім оянды деген сол шығар, сіз өз Еліңіз бен Жеріңізді, Ұлтыңызды өлердей жақсы көріп, одан сайын сүйіп кетесіз...

«Білте шамның жарығы» кітабы — тұтас органикалық бірегей шығармашылық дүние екенін айтпасқа болмас. Ол басынан аяғына дейін қазақ деген ұлттың, ол мекендейтін жердің киесі мен қасиетін, өз бояу өрнегімен жырлай отыра, елге деген әрбір адамның көкейінде жүрген сүйіспеншілік сезім — жібектей үлбіреген, бірақ ширатылған үзілмейтін тіні, лейтмотиві. Ол ешбір өлеңде, балладалар мен поэмаларда үзіліп қалмай, үлдеген қобыздай үні үздігіп үйлдеген қалпында ілесіп отырады. Ол осы бір сезімді өзінің жі-

сөйлеп береді, қозғалысқа түседі, сөз зергері әрқайсысынан ой түйгізеді. «Тірі бәрі» деген өлеңін алайық:

Сурет көріп туған жер келбетінен,

Табиғат бесігінде тербетілем.

Жел жүгіріп барады су бетімен,

Су жүгіріп барады жер бетімен.

Кайың, емен, тал, терек тың тыңдайды,

Лағыл сәуле бұлақта жылтылдайды.

Бір сәт аспан алқасы — Алтын Күнді,

Кең дүниенің көзіңше бұлт ұрлайды.

Жолаушылар — Табиғат, Адам, Уақыт,

Келеді жер ғаламды аралатып.

Білдіргісі келгендей тірі екенін,

Тау да тасын қояды домалатып.

Бауыржан ақынның өлеңдеріне саяхат

Ақ шуаққа қыраттар жылынады,

Жапырақтың жан сырын гүл ұғады.

Ау, осы жел тұрушы еді, ал ақынның «Жел су бетімен жүгіріп барады», су дегеніңіз арқырап ағушы еді, мұнда су жер бетімен жүгіріп барады! Неге? Өйткені ақынның сұңғыла көзі оны осы қырынан көрді, осылай кестеледі, «Білдіргісі келгендей тірі екенін, Тау да тасын қояды домалатып». Ғажайып тірі сурет, осы құбылысты тау аралаған әр адам кездестіріп, тауға қарап жалт қарайтыны рас, бірақ таудың тірілігі ешкімнің де ойына келе қоймас, суреттің барлығы кәсіби поэзияның үлбіреген нәзік үлгісі, ал бұл дегеніңіз — биік шеберліктің биік деңгейі...

Өлең одан да қызықты болу үшін соңғы «Қозғалыс бар үздіксіз тіршілікте, сондықтан да тіршіліктің бәрі — ояу, тірі бәрі» түйінді деген қос жолын алып тастап, «Жапырақтың жан сырын гүл ұғалыдан» үзіп жіберсе, өлеңнің құны одан сайын арта түсер еді. Оқырманға шайнап бере бермей, әрі қарай өзі түйсінсін де, поэзияның бір мұраты — ой қозғау, ой салу емес пе еді?! Бұл — менің жеке пікірім. Осының барлығы ақын өлеңдерінің көркемдік қуаты, эпитет, салыстырулар секілді, өлеңге аса қажет компоненттер молынан қолданылады. Өлең — сондықмен өлен. Мәселен,

Көк жота, қызыл адыр, күрең белі,

Тойған қозы секілді дөңдерімен,

— дейді ақын. Сол дөңдерді бар адам көреді, бірақ соның тойған қозы секілді моп-момақан болып жатқанын ешкім байқай бермейді, ақындық аңғарымпаздық, дүниені басқа көзбен көруі, сезімталдығы, сұңғылалығы, ой жүйріктігі, сөз жок, осы жерден айырылады. Әдетте, ақындарды «кияли» деп жатамыз ғой. Тегінде, осы сөз де бекер айтылмаса керек, ақынның қиялының үшқырлығын айтып тұр ғой, студент кездегі досыңыз сізге... Керемет емес пе, сондықтан да ол — ақын, бұл өлеңдер сондықтан да поэзия.

Менің қолыма түсіп, ләззаттана оқып отырған кітабым — «Білте шамның жарығы» кітабы. Кітапты оқи отырып, алдымен тау Тұманбай ағамды оқып отырғандағы әсерде болдым. Неге дейсіз ғой? Мен бұл ақын ағамның кітаптарын ауық-ауық қолыма алып оқып отырамын, қатты қоғамнан сәл қатая бастаған жан-жүрегіңді жұмсартып, күннің шуақты сәулесіне шомылдырып, мейірімнің зәм-зәм суынан қана ішіп, тіршіліктің қара шаңын тұлда бойынан бір сілкіп тастап, тазарып, көзін шайдай ашылып, бұлақ көзіндей мөлдiреп қалғандай күй кешетінін, жаның да жұмсартып махабатқа меймiлдеп, дүние кеніп қалатыны бар. Бауыржанды оқығанда да осы күйде болдым, кең даланың самалымен жансарыаың ашылып, жазиралы белге шыққандай, жусан ісі бүркыраған салқын самалға елтiтiн ракат сезiмге бөлeнeciн, тұнып тұрған позитив. Бұл жерде Бауыржанның поэзиясын Тұманбай ағаның поэзиясынан аумай қалған деген емес, бұл жерде ақын жанының таңғы шықтай тазалығы мен кең даласына ұқсаған мол пішілген болмысы мен кең пейілі, мейірлілігі. Өлең өзен сықылды өз-өзінен құйылып жататындай әсерде қалдыратыны: Ол сезім ұясы — жүректің толқынысынан туып жатқан тербелістер, ол бірде күміс тамшысын көкке серпіген ақ толқындай толқиды, бірде жібектей сусиды, бірде баланың еңбегіндей үлпілдейтін қайран ақын жүрек...

Бауыржанның өлеңдерінің ерекшелігі сонда, палитрасы көпқырлы, ұлттық бояуы қанық, әр сөз өз міндетін толық және тиімді атқару үшін өз ұясына барып қонады.

Жолаушымыз, беу қарғам, сен де, мен де,

Жолаушылап, алып Жер дөңгелегуде.

Жерде аққан су сапарда, қашан көрсең,

Аспанда Ай барады жолаушылап,

Күн де кетіп барады күймесімен,

Тіршілік-ай не деген үйлесім ең.

Бұл — «Жол үстіндегі ой» деген өлеңі. Сегіз шумақтан тұратын өлеңнің бар салмағын осы үш егіз жол құрап тұр! Мұндағы ой тіршіліктің ғана үйлесімі емес, өлеңнің ішіне абайлап, асықпай енсеніз, жолаушының ойы тереңдеп кетеді, ол ой, бүкіл — он сегіз мың ғаламның өз тәртібімен қаланған күрделі құрылысы мен оның тек қозғалыста болатын мақсат-мұратынан айқындау биігіне көтеріп жібереді. Сіз аққан суды көресіз де әрі қарай ғарышқа, ондағы тірттіппен орналасқан сан мың жұлдыздарға, Ай мен Күнге, оның мәңгілік қозғалысына куә боласыз, одан жасыл Шар үстіндегі ғалам үшін тозандай ғана Адамға, оның қозғалыс-тіршілігіне мән бере бастайсыз. Адамның да тіршілігінің мәні қозғалыста екенін ұғасыз. Қозғалыс тоқта-са, бүкіл ғалам тоқтайды. Жолаушылап бара жатқаныңызға шүкіршілік етесіз. Ғалам мұраты — қозғалыс, адам мұраты — тіршілік. Бір-ақ өлең бүкіл ғаламның қырық құлыпқа салынған құпиясын ашты. Бұл не? Бұл — нағыз поэзияның озық үлгісі.



“ Бұл — Бауыржанның өзі өлеңмен жырлаған «Мен жаққан оты»! Ол «жаққан от — сөнбейтін сөз алауы, жанған сайын жан дүниең тазарады, ол көрмеген жерлерде лаулап жанып, ол бармаған жерлерді кезе алады».

гінді толқытып, артынан тамағыңа тас тығылып, сары селеулі сары далана деген сағынышың оянып, туған жерге деген сүйіспеншілігін артып, қаның қызып, соңына таман ата-бабаларыңның сол талыстап болып шалқалап жатқан ұлан-байтақ жерді қалай қорғағаны, оны қорғап қалу үшін жауларымен қанқұйлы соғысы, жалт-жұлт еткен алмас қылышы, сол қылышты салып жібергендегі аспанға шапшып атқан қып-қызыл қан елестейді... Бабалардың мына сары даласын неге сонша сүйгенін, не үшін жаның жалау ғып тіккенін мидағы бір түйсіктермен терең бойлай түсінгендей боласың... Бір кезде әлгі тамағыңа тығылған тас көзінен ып-ыстық жас болып омырауына төгіліп жатқанын сезесің... Ау, бұл не деген күдірет, не күш... Өлеңнің аяғына жеткенше, не болды бұл... Бұл, сірә, ақындық қуат болса керек! Бұл тұрғыда орыс ақыны, күміс ғасырдың аспанын жарқыратқан акын Марина Швetaева жөнінде жазған А.Михалков былай депті: «Вдохновение — та внутренняя сила, которая и нас читатель, заражает волнением художника, заставляет сопереживать ему, воспринимать стихи с безоглядным доверием. Это пик творческого самобытия и самоотдачи поэта».

Елге, жерге деген ыстық махаббаты өлеңнің, ақынның қуатымен зарядталып сізді қозғады, жүрек-жұлыныңыз бен тұлбайыңызды жаулап алды, тырп еткізбей... жыланды жыр матап тастағандай... Бұл — Бауыржанның өзі өлеңмен жырлаған «Мен жаккан оты»! Ол «жаккан от — сөнбейтін сөз алауы, жанған сайын жан дүниен тазарады, ол көрмеген жерлерде лаулап жанып, ол бармаған жерлерді кезе алады». Ол «жаккан от Абайдан ұшқын алып, Әуезов боп әуелі құшты жалған, Мағжан болып санаға сәуле шашып, одан сайын мағдан, күшті жанған. Содан кейін Қасым болып өртке айналған...».

Міне, қазір сіз бен біз осындай қазақ ұлты үшін туып, сол үшін ажал құшқан арыстармен бетпе-бет келіп, ұлы әруақтар отынан ұшқын алып, алаулап жанып, аруақтар өртімен, оның запыран дертімен шарпылып, біте қайнасып кетіп, өртке айналған оттың жалынына шарпылдык! Шарпылып қана қойған жокпыз, отқа шыжғырылып күйдік, өзекке шоп түсіп кетті, орны күкілдеп қалды... Неге? Қазіргі оқ-онай, ойланбай-ақ, асығыс-үсігіс, айтылу үшін айтыла салатын, жаксынын да, жаксықтың да аузында жүрген, «патриоттық» сезіміңіз оянды, бұл жердегі патриоттық

патриоттық жырлары. Жоғарыда аталған 5-6 ғана шумақтан тұратын өлеңнің өзі ақтандақтарға толы, алмағайып заманның, бүкіл қазақ тарихын қопарып жібергендей, заман шаны қауып бара жатқан артта қалған сұмдық соқыр болған, шарасыздан іштен қан жұтқан замандарға жетелеп кетеді. Бұл авторды оқи отырып, сол арыстардың тағдырын қазып, ежіктеп зерттеп, зерделеп, сол рухпен суарылып, қаны мен жаны сол рухтармен астасып кеткендей әсерде қаласың. Сол арыстар мен тұлпарлардың «Магиканның соңғы тұяғындай» асыл тұяғы, сол Алты Алаш ардақтыларының отынын ұшқыны, ізбасары, ұлы істерінің жалғастырушысы, аманат арқалаған асыл ұрпағының моделі сияқты, Баукен. Осы байламға келуге осы қуат мәжбүрлейді, амалсыз мойындайсыз. Оның самал тербеген ақ селеуі желбіреген даласына деген зор құрметі мен асқан сүйіспеншілігі, сол ақ көкірек, ақ адл болмысы жағасы жайлау, ақ даласынан аумайтын кең пейілі, бірде тереңі шымырлап жатқан теңіздей, бірде даласының ақ самалындай жанынды ракатқа бөлейтін ажқарма, аста-төк, кейде майдан қыл суырғандай соншалық сұңғыла, нәзік те зерек жырлары осыған дәлел.

Ақынның өлеңдерін шұқшия оқып, талдау керектігінің себебі, оның кез келген өлең жолдарында бір-неше ойлардың қатпарлары көрінбей, астарланып жатады...

— *Кетердей түрегеліп түйе таулар*

Дәл қазір көз алдымда шөккенімен,

— дейді ақын. Алдымен таулардың түйеге теленгені қандай керемет сурет?! Жансыз тауды жанды түйеге айналдырып жіберді. Әдеби тілде оны «метафора» дейді. Шөгіп жатқан тау түйелер ақынның көзімен, туған жерін көргендей қуаныш сезімінен тұрып кетпек немесе Бауыржан секілді елі мен жерінің жоғын түгендеп, соның тарихын қопарып, тілі мен ділінің, әдебиетінің, тарихының жоқшысы болып жүрген бүгінгі Ахмет, Мағжандардың «сынығы», үлкен ақынның лебін сезіп тұрып кеткісі келді ме екен, сәлем беруге... Мұны айыру оқырманның патша көңілінің, жүйрік ойының еншісінде. Менің жеке қабылдауымда осының бәрі бар. Сондықтан да бұл жолдар осы өлеңнің шоқтығын биіктейтп көтеріп жібергені.

Ақын туған жерінің табиғи ландшафын панорамадай көз алдына тірі күйінде жайып салады, бояуы қанық суреттен ләззаттанасын, осы тіршілік сізге

Әр ақын — индивид, тағдыр жолы әртүрлі. Бұл туралы А.Чехов: «Ақындардың бәрі бірдей болуы міндетті емес, олар әртүрлі болуы керек» депті. Көктем шыққандағы қырдағы гүлдер қандай түрлі болса, менің ойымша да ақындар әртүрлі болуы керек. Мәселен, бұл туралы «Қоршаған ортаның драмасын сөз жок, өзінің бойында драмасы бар адам ғана көре алмақ» деп Темірхан ақын айтқандай, Мұқағали, Жүмекен, Ғариза ақын өмірдің, қоғамның күңгірт, проблема жағын айқын көріп, өзінің ішкі драмасымен астастырып жырласа, Бауыржанның жырларының тағы бір ерекшелігі, қара түнде Ай жарықтық көк күмбезден сүт сәулесін аямай төгітіні секілді, өлеңінің сәулесі мол, жап-жарық, жомарт Күн—Анадай жырының жылуының көптігінде. Өйткені оның жаны таза, жүрегі — жомарт. Қазаққа ҰЛЫ АБАЙДЫ сыйлаған қасиетті жерде, ак бесікте дүниеге келген ақын — ата-ананың аялы алақанында, ақ әжесінің құн шуағындай мейірімі мен шексіз махаббатына бөленіп, туған жерінің ыстық құшағында, ескіліктің ескі әңгімелеріне қанып, жырына ұйып өскен, бойына көп жылу жинаған, жүрегін иман нұрымен суарған нағыз атпал азамат. Сол жомарт жүрегі жырлап кеткенде өзін-өзі аямай, бар жан-жүрегімен Күндей жылуын төгіп, Айдай сәулесін аямайды... Ол нені жырласа да кең диапазонмен, шабытпен жырлайды, ақындық тұғырда мығым отырады. Әлемді өз құзырында ұстап, қыран көзімен әр құбылысты қалт жібермейді.

Өлең — адамның өзі және жаны, сезім нұры, жүрек дірілі. Бауыржан ақынның өлеңі өзі секілді, ашық маңдайы жарқырап, жүзінен иман нұры төгіліп, тал бойынан биік парасат пен адамгершіліктің ізгілік нұры есіп тұратын осынау кең пішілген атпал азаматтың тұрған бойы қандай позитив болса, өлеңінен де тек жақсылықтың сәулесін шашып, мамыражай таңға-жайып күйге бөлейді.

Өлең жазуды бастамай жатып, шаршап-шалдыққан, өмірден баз кешіп, қазір-ақ жок болғысы келіп, оқып бастасаң, дінкенді құртатын негативтерден аулақ. Иә, қазіргі өтпелі кезеңіміз, үлкен қиындық туғызып, өмірдің көлеңке жақтары көбейіп кеткені де рас, бірақ осынау бір күрделі шақтарда адам жанына жарық себер, Күнді көлеңкелеген бұлтты қолмен ысырып тастап, жап-жарық нұрды шашып жіберетін шуақты өлеңдер әмісе, әсіресе осы шақта керек-ақ. Жоғарыда айтқан ойымды тірілтсем, сан қырлы, көп түрлі керек ақынның бірі — Баукенді Төңірдің өзі осындай қиын уақытта Күндей жарық сәулесін сепсін, жылуын төксін деп қазактың маңдайына әдейі сыйлаған секілді көрінеді өзіме. Бұл тұста Мұқағалидың мына өлеңі тіл ұшына оралады:

Қандай жақсы аспанда Күн тұрғаны,

Күн астында дүние құлпытрғаны.

Құшақ-құшақ ақ нұрды үлестіріп,

Бір ұрпаққа бір ұрпақ ұмтылғаны.

Хантөңірі — ақын Мұқағалидың ұлы мұраты — сол «Құшақ-құшақ Күннің нұры» ұрпақтан ұрпаққа берілсе, дейді. Қазір сол ұлы миссияны орындау Баукене бұйырғандай... Бүгінгі күні ол «құшақ-құшақ Күн нұры» оның құшағына сыймай тұр, соны көзінің нұры, жүрегінің сәулесі бар адамға аямай үлестіріп жүргендей... «Құшақ-құшақ Күн нұрының» ішінде, көкірек көзі ашық адамға көп нәрсе сыйып тұрғаны анық.

Тақырып туралы ой тарқатсақ, тақырып біреу — туған жер, ақ селеуі ән айтқан салқар даласы, оны ғасырлар бойы мекен еткен аттың жалында, түйенің қомында жүріп, жерін, елін қорғаған ата-бабасының арман-мұңы, қазақы болмыс-бітімі, ұлттық салт-дәстүрі, басқа елдің бірінде жоқ, баға жетпес байлығы, құны жетпес рухани құндылықтарын ақындық биік пафоспен жырлау. «Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді» депті Леонардо да Винчи. Бауыржан — өте көп еңбектеніп келе жатқан еңбекторы, оның еңбектерін ғылыми тұрғыда талдап, әр өлеңіне үнілетін уақыт жеткен секілді және дарын иесі өзіне тиесілі бағасын да алуы тиіс деп ойлаймыз. Бір мақалада ақынның барлық еңбегін талдап жату мүмкін емес, оны мақала мақсат та тұтпайды. Біз бір ғана кітабынан алған әсерімізді каламдас ретінде өз пікірімізді ғана айтқан болдық.

Үлкен академиялық білім қоржыны бар, Көктен берген дарыны бар қарымды қаламгер туралы айтырған әңгімелер әлі алда. Ал Баукен өзінің биік Тауына бет түзеп бара жатқан жолдағы олжасы ұшан-теңіз. Жазар көбейсін, каламдас дос, қоржының қампия берсін, біз тек қуанамыз, үлкен тілектеміз дейміз.

«Білте шамның жарығы» өлең жинағы Абай атындағы Мемлекеттік сыйлыққа лайық деген пікір-демін.

Баян БЕКЕТОВА,
ақын, Халықаралық «Алаш»
әдеби сыйлығының лауреаты

Алматы облысында елді мекендер мен жолдардың бойында және тағы да басқа көпшілік жерлерге салынған құрылыс нысандарына қатысты ауқымды тексерістер жүргізіліп, заңсыз, рұқсатсыз тұрғызылған ғимараттар бұзылуда. Заңсыздықтар анықталған жағдайда нысандар қиратылып қана қоймай, құрылысқа тапсырыс беруші азаматтар да әкімшілік жауапкершілікке тартылып, айыппұл салынады.

Болат АБАҒАН

Жақында Еңбекшіқазақ аудандық соты аудандағы ірі елді мекеннің бірі — Бәйтерек ауылында заңсыз салынған дүкенді бұзу туралы шешім шығарды. Алматы облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының хабарлауынша, құрылысқа тапсырыс беруші осы аудандағы Бәйтерек ауылына қарасты «Есік-2» саяжай серіктестігіндегі 16-линия көшесі, №482 мекенжай бойынша тұрғызылған дүкенді тиісті рұқсат құжаттарынсыз салған.

Тапсырыс берушінің дүкен құрылысы түскен жер теліміне құқығы болмаған, нысанның өзі жобалық-сметалық құжаттамасыз, авторлық және техникалық қадағалаусыз, сондай-ақ құрылыс-құрастыру жұмыстарын жүргізу туралы хабарламасыз жүзеге асырылған. Занды белден басқан тапсырыс беруші осы бұзушылықтар үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Іс процессуалдық шешім қабылдау үшін Еңбекшіқазақ аудандық сотына жолданып, 2024 жылдың 5 маусымында сот тапсырыс берушінің ҚР ӘҚБтҚ-нің 319-бабы бойынша әкімшілік құқықбұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танып, оған қатысты 55 380 теңге көлемінде айыппұл салу және заңсыз құрылысты мәжбүрлеп бұзуға үкім етті. 28 маусым күні нысан тапсырыс берушінің еркімен бұзылды.

Соңғы кездері облыс аумағында осындай заңсыздықтар көбейіп кеткен. Әсіресе,

ЗАҢСЫЗ ҚҰРЫЛЫСҚА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ



се, өңірдегі халық тығыз қоныстанған Алматы қаласы маңындағы ірі аудандардағы елді мекендер мен жолдардың бойында мұндай жағдайлар алдан жиі шығады. Осыған орай мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы тұрғындарды заң талаптарын сақтауға шақырады:

«Бәйтерек ауылында болған заңсыз нысанды бұзуға қатысты жағдайдан байқап отырғанымыздай, кез келген құрылыс, оның ішінде жекеменшік аумақта салынған нысанда қоса алғандағы

нысандардың барлық жұмысы заңмен қарастырылған тәртіпте жүргізілуге және жүзеге асырылуға тиісті. Осыған байланысты облыс тұрғындарының есіне құрылыс жұмыстарын ойға алғаннан соң, бірінші кезекте тиісті орындармен хабарласып, қажетті құжаттарды түгендеп, барлық істі заң аясында атқару қажеттігін салғым келеді. Құрылыс нормалары мен ережелерін сақтамау арқылы занды бұзып қана қоймайсыздар, өзіңіздің және айналаңыздағы адамдардың өмірі мен

денсаулығына қауіп төндіресіз. Сонымен бірге заңсыздық анықталған соң нысанды бұзуға мәжбүр болып, қосымша шығынға ұшырайсыз. Осыны әдайым назарда ұстаған абзал. Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы облыс аумағындағы құрылыстардың заңдылығына бақылау мен тексеруді алдағы кезде де жалғастыра береді», — дейді Алматы облыстық мемлекеттік сәулет-құрылыс басқармасының басшысы Қ.Жақсыметов.

Биылдың өзінде облыстық мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы процессуалдық шешім қабылдау үшін Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік және аудандық соттарына 10 әкімшілік істі қарауға жолдады. Олардың ішіндегі 8 материал бойынша заңсыз салынған құрылыс нысандары бұзылатын болса, тағы 2 іс соттың қарауында. Сонымен бірге Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына қажетті рұқсат құжаттарынсыз салынған 5 нысанды бұзу туралы талап-арыз берілген. Экономикалық соттың шешімімен аталған нысандардың 4-іне қатысты бұзу туралы шешім шығарылып, бір іс бойынша сот өндірісі әлі жүргізілуде. Атап айтқанда, Қарасай ауданындағы Райымбек ауылдық округіне қарасты Абай ауылындағы OrdaTown көпқабатты тұрғын үй кешені (орындау парағы көрсетілмеген), Еңбекшіқазақ ауданының орталығы Есік қаласындағы «Алтын-Бөбек» бөбекжай-балабақшасы» ЖШС (бассейн) спорт кешені (уақытша тоқтатылған), Талғар ауданының Алатау ауылдық округіне қарасты Байбұлақ ауылындағы көппәтерлі тұрғын үй кешені (шешім заңды күшіне енді, сот орындаушысына жіберілді), Талғар ауданындағы тағы бір көппәтерлі тұрғын үй кешені (мұнда да шешім заңды күшіне енді және сот орындаушысына жіберілді) бұзылатын болыпты. Ал Кеген ауданындағы Саты ауылдық округі аумағындағы Көлсай көлі жағалауындағы мейрамхана және қонақүй кешенінің құрылысы бойынша іс сотта қаралуда. Кеген аудандық сотының талап-арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы шешіміне апелляциялық шағым беріліпті.

Алматы облысы

ҚАРҒЫНҒА КЕТКЕН ҚОЙДЫҢ ҚҰНЫ ӨТЕЛЕ МЕ?

Жамбыл облысы ағын судан тағы зардап көрді. Бұл жолы шулық шаруаның 400 бас қойы тілсіз жаудың құрбанына айналды. Көкқайнар ауылдық округіне қарасты Ақтасты таулы аймағында жауған қатты жауын салдарынан сай-саладан сел жүріп, «Ынтымақ» шаруа қожалығының қора-жайын шайып кетті. 1 600 бас уақ малым бар деген қожалық иесінің абырой болғанда 1 200 бас малы аман. Алайда маңдай термен келген 400 қойдың құны өтеле ме? Әлде...

Саятхан САТЫЛҒАН

Негізі, бастапқыда шаруаның 484 бас малының өлексесі анықталғаны айтылған болатын. Кейіннен ағын судан 197 уақ мал ажал құшты деген ақпарат тарайды. Осыған орай ауданға хабарласып, мал шығынын есептеумен айналысып жатқан мамандардан мәлімет алуға тырыстық.

Мамандардың айтуынша, «Ынтымақ» шаруа қожалығының иесі қора-жайын екі таудың ортасынан өтетін бұрынғы ағын су жолына салған екен. Шаруаның басты қателігі осы болып тұрған көрінеді. Сайды жағалап келген сел қорада тұрған төрт түлікті екіге бөліп ағызып өкеткен. Сала мамандары осы мал өлекселерін сай-сайды кезіп жүріп жинаған.

«Ынтымақ» шаруа қожалығының жетекшісі Қырғызбай Баймұханбетовтің

— Негізі, шаруаның өзі 1 600 уақ малы бар екенін айтып отыр. Сел жүргенде соның 484 бас малы суға кетіп, 1 116 басы қораға оралған екен. Бірақ бұл қожалық иесінің өзінің келтірген мал саны болғандықтан, ауданнан комиссия құрылып, арнайы тексеріс жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Есептеу жұмыстарына ауыл шаруашылығы, ветеринария саласының мамандарын жұмылдырып, алғашқы күні 197 бас малдың өлексесін таптық. Алайда іздеу шаралары әлі де жүргізілуде. Міне, осы жұмыстар аяқталғаннан кейін төрт түліктің құлағындағы сырғаларымен санын тексеріп, шығын құны шығарылатын болады, — дейді Шу ауданы әкімінің орынбасары Бақыт Бетбаев. Иә, мәселенің мәнісі енді ашыла бастағандай. Қарғын суға кеткен қой саны не себепті әр жерде әртүрлі көрсетіліп жатыр десек, өлексесі саны есептеліп бітпеген екен. Оған себеп ағын су уақ малдарды сай-салаға екі-үш шақырымға дейін ағызып алып кеткен. Сондықтан тау-тастың, құм-жотаның бәрі жіті тексерілуде.

Ағын судан ажалын тапқан малдың құлақ сырғасы да жіті қаралып жатқаны бекер емес. Себебі мемлекеттен өтемақы алу үшін заң бойынша шығын көлемі

АЖАЛЫ СКУТЕРДЕН БОЛДЫ

Қазір көшеде жаяу жүру де, көлікпен жүру де екі есе қауіпті болып тұр. Жаяу шықсаң самокат түйеді, көлікпен жүрсең саған келіп скутер, мопедтер соғылады. Самокатпен де, скутермен де жүрген — өндірмей жастар. Ажал құшып жатқан да солар. Биылғы жылдың бес айындағы көрсеткіш бойынша БҚО-да жол-көлік оқиғалары үш есеге өсіпті. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар алаңында өткен брифингте БҚО ПД ӘПБ бастығы Александр Плешаков мәлімдеді.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА

Полиция өкілдері жол қауіпсіздігін күні-түні күзетіп отырмыз десе де, жол апатының саны азаймай тұр. Тек биылдың өзінде 414 жол-көлік оқиғасы тіркеліпті. Жол апатынан қаза тапқандар саны да аздамай отырғаны өкінішті. Биыл жол апатынан 44 адам қаза тауып, 554 адам жараланған. Қазір полиция «Жолда абай болыңдар!» деп ойбайлап жатыр. Себебі жол-көлік оқиғасынан қаза тауып жатқандар ішінде балалар мен жасөспірімдер көп.

— Күні кеше ғана Самара — Шымкент тасжолының бойында 2 ауыр жол апаты болды. 7 адам қаза тапты. Бұл екі көлік те қарсы бетке өтіп, соның кесірінен түйісіп отыр. Жалпы, жолдағы апаттың көбі осы қарсы бетке өтіп түйісетіндер кесірінен болады. Қарсы бетке өту кезінде арақашықтықты есептей алмаудың соны осындай қайғылы оқиғаларға әкеліп отыр. Қазір жаяу жүргінші жолағымен келе жатқан жолаушыны да елемейтін көлік жүргізушілері бар. Солардың кесірінен 126 жаяу жүргінші дәл жаяу жүргінші жолағында жараланды. Өкінішке қарай, белгіленбеген жерден жолды кесіп өту фактілері де азаймай отыр. Бұл да жолдағы жараланатын адам санының өсуіне ықпал етіп отырғанын жасырмаймыз, — деді брифингте сөйлеген БҚО ПД ӘПБ бастығы Александр Плешаков.

БҚО-да қазір балалар мен жасөспірімдер үшін скутерлер өте қауіпті болып отыр. Полиция өкілдері ата-аналар арасында профилактикалық жұмыстар жүргізіп, шама келсе балаға скутер, мопед секілді көліктерді алып бермеуге үндейді. Себебі оң-солдың толық танымаған балаға бұл көліктер өте қауіпті.

Күні кеше ғана Бәйтерек ауданы маңайындағы тасжолда кетіп бара жатқан көлікке бір скутер түйіскен. Оқиға салдарынан скутердегі кемелетке толмаған бала қайтыс болды.

Скутер, мопед мінген жасөспірімдер қазір көшеде толып жүр. Бұл балалардың түнгі мезгілдегі қозғалыстары өте қауіпті болып отыр. Себебі статистика көрсетіп отырғандай, скутерлермен болатын жол



апаттары негізінен түнгі мезгілде тіркеліп тұр. Осы себепті полиция түнгі мезгілдегі рейдтердің санын көбейткен. Биылғы жылы 2 092 бала түнгі мезгілде ата-анасыз жүргені үшін полицияның қолына түскен. Әлбетте, олардың заңды өкіл әкімшілік жауапкершілікке тартқан.

— Бүгінгі күнге дейін көлікті мас күйінде басқарған 820 адам анықталды. Көлік құралын мас күйінде басқару өзіне де, өзгеге де зиянды әрекет. Өкінішке қарай, бұл жауапкершілікті түсінбейтін азаматтар бар. Біз жолдағы қауіпсіздікті күшейту мақсатында 3 кибер-шериф жүйесіне қосылған автокөлікті шығардық. Бірер күнде тағы 17 кибер-шериф іске қосылады. Мұның бәрі азаматтардың қауіпсіздігі үшін жасалып жатқан дүниелер. Бізді алаңдап отырғаны — скутер мен самокат тепкен жасөспірімдер. Бұлар өз өміріне балта шауып жатқанын түсінбейді. Олардың ата-анасы қадағалауды күшейту керек. Біз скутер мен мопед иелерімен үнемі кездесулер өткізіп тұрамыз. 172 адамды әкімшілік жауапкершілікке тарттық, — деп атап өтті Әкімшілік полиция басқармасының бастығы Александр Плешаков.

Жыл басталғалы самокаттардың қатысуымен 9 жол-көлік апаты тіркеліпті. Ал скутерлердің қатысуымен 48 жол апаты тіркелген. Оқиға салдарынан 2 адам қайтыс болып, 40 адам жараланған.

Заңға сәйкес, электр самокаттардың жүргізушілеріне велосипед жүретін жолақпен жүруге рұқсат етіледі. Бірақ Орал қаласында велосипед жүретін жолақ болмауы себепті самокат тепкендердің бәрі жаяу жүргіншілер жолымен жүр. Бұл өз кезегінде жаяу жүргіншілерге де қауіп төндіріп отырғаны жасырын емес.

Батыс Қазақстан облысы



Сенімді дереккөздің ақпаратына сүйенсек, 30 маусым күні сағат 14.30-дар шамасында ауа райы күрт бұзылып, 15-20 минут аралығында қатты жауған жауынның соңы селге ұласқан. Осы сәтте қожалық иесі Қырғызбай Баймұханбетов қойларын қораға бақып, дәрілеп жатқан екен. Таулы аймақ болғанынан кейін жауын басылар деген оймен шаруа малын қорасында жабық күйде қалдырған. Осы тұста уақ малды қарғын су шайып кеткен. Оқиға орнына жеткендер 318 малдың өлексесін санап алған. Оның 294-інде сырға болған. 43-і қозы екен. Мал өлекселеріне арнайы шұңқыр қазылып, көмілген. Жалпы, «Ынтымақ» шаруа қожалығында бүгінге дейін 1 405 бас уақ мал тіркеліп тұрған.

өзі иелігінде 1 600 уақ мал болғанын айтады. Қазір соның тек 1 116 басы аман қалып отыр. Енді шаруа шығын болған қойдың құны өтеліп беріледі деген үмітпен суға кеткен малдың әр басын мамандармен бірге түгендеп, басы-қасында жүр.

Негізі, бұл Көкқайнар ауылдық округінде болып отырған бірінші жағдай емес екен. Тұрғындардың айтуынша, соңғы екі жылда тіркелген үшінші оқиға. Бұған дейін таудан соққан жел қар үйіндісін ауылдың ығына тығып, соңы селге ұласып жатқан. Алдыңғы жылы ауылдың шетінде тұратын екі үйді су шайып, малын ағызып өкеткен екен.

Әрине, апат айтып келмейді. Алайда ендігі басты мәселе — шаруаның 400-ге жуық малының өтемі бола ма?

Жамбыл облысы

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ



Фазиза ҚҰДАЙБЕРГЕНҚЫЗЫ,
Ұлттық академиялық кітапхана директоры:

Қазақстанның мерекелік күнтізбесі тағы бір жаңа мерекемен толығып отыр. Енді жыл сайын 23 сәуірде Ұлттық кітап күнін атап өтетін боламыз. Аталмыш мереке Мемлекет басшысының үшінші Ұлттық құрылтайдың негізгі сессиясында берген тапсырмасына сәйкес пайда болды. Мұндағы мақсат – қоғамда оқу мәдениетін қалыптастырып, озық ойлы мемлекетке айналу. Оның ең төте жолы кітап оқу десек, кітап оқуға ынтаны арттыру үшін қабылданып жатқан шараның ықпалы зор болмақ. Айтулы мерекенің ел игілігіне, кітапқұмар оқырманның кебеюіне әсер ететін маңызы туралы Ұлттық академиялық кітапхана директоры Ғазиза Құдайбергенқызымен сұхбаттастық.

құрылғыға аудиокітап, казактын жырын, ауыз әдебиетін жүктедік. Бұған дейін сол медиақұрылғыда ересектерге, балаларға арналған фильмдер болды. Кейін өзіміз әуе компаниясына хат жазып, 50 контент ұсындық. Оның 25-ін тандап алды. Олар – кезінде мәдени мұрамен шыққан көпшілікке қолжетімді дүниелер. Осындай жасалып жатқан игі шаралар қоғамда кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға көмектеседі. Бағырлар жырын тыңдап өскен бала жыр атын ұмытып қалуы мүмкін, көкірекке жиылған рух уақыты келгенде көктейді. Одан бөлек, штрих-код арқылы кітап оқу жобасы дайындалып жатыр. Ол скверлерде, саябақтарда түрлі жанрда жазылған кітаптардың штрих-коды орнатылып, оқырманын кез

Абай университеті – кәсіби мамандар шеберханасы

Қазақстандағы тұңғыш жоғары оқу орны – Абай атындағы ҚазҰПУ алғаш құрылған үшнен бастап қоғам өмірінің барлық салалары үшін білікті мамандар мен жаңа формациядағы педагог кадрларын даярлауда еліміздегі жоғары білім беру жүйесінің көшін бастап келеді. Білім ордасы қасырға жуық тарихында жоғары және жоғары оқу орнына дейінгі білім беру саласындағы ең ірі бірден-бір ғылыми және педагогикалық білім беру орталығы ретінде қалыптасты.



Бүгінде университетте 230 білім беру бағдарламасы бойынша 16 500-ден астам студент білім алады. Оның ішінде 143 білім беру бағдарламасы халықаралық аккредиттеуден өткен. Бағдарламалар қазақ, орыс, ағылшын, француз, қытай, түрік, араб және корей тілдерінде білім алуға мүмкіндік береді.

Абай университеті отандық рейтингтер мен халықаралық ғылым және білім кеңістігінде өзінің әлемдік көшбасшы университеттер қатарында екендігін дәлелдеп жүр.

Еліміздің педагогикалық білім беру флааманы Орталық Азияның жоғары оқу орындары арасында көшбасшы орынға ие. QS World University Rankings–2025 рейтингінде Абай университеті әлемдегі ең үздік университеттер арасында 671-680 орындарды иеленіп, Қазақстанның үздік бестігіне енді. QS WUR Asia рейтингінде университет 146-шы орында және Азиядағы ең үздік 150 университеттің қатарына кіреді.

QS WUR by subject–2024 пәндік рейтингінде «Өнер және гуманитарлық ғылымдар» саласы бойынша университет әлемде 351-ші, Қазақстанда 3-ші орында. «Білім беру және оқыту» (Education and Training) мамандығы бойынша Абай университеті жаһандық рейтингте 54-ші орынға ие болып, әлемнің алғашқы жүз университеттерінің қатарына кірді, бұл Қазақстандағы 1-ші орынға сәйкес келеді. «Ағылшын тілі мен әдебиеті» мамандығы да үздік жүздікке еніп, әлем бойынша 93-ші және Қазақстанда 1-ші орынды алып отыр. Бұл көрсеткіш рейтингтің осы санатында ұсынылған Орталық Азия жоғары оқу орындарының арасындағы ең үздігі болып табылады. Осылайша, Абай университеті Қазақстанның педагогикалық білім берудің флааманы деген атаққа лайықты екенін тағы да дәлелдеді.

Абай университеті 2024–2025 оқу жылына жаңа білім беру бағдарламаларына құжат қабылдауды бастады. Атап айтқанда, «B091 – Туризм», «B092 – Тынығу», «B093 – Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі», «B120 – Кәсіптік оқыту педагогтарын даярлау (сала бойынша)» мамандарын даярлауға басымдық берілмек.

Сондай-ақ университет Францияның үздік университеттерімен ынтымақтастық аясында қос дипломдық бағдарлама бойынша білім алудың бірегей мүмкіндіктерін ұсынуда. Биыл Абай университеті базасында құқық, педагогика, экономика және мемлекеттік басқару саласындағы мамандарды даярлайтын Лотарингия университетінің филиалы құрылды. Бүгінде Лотарингия университетімен ынтымақтастық аясында келесі бағыттар бойынша білім беру бағдарламаларына арнайы гранттар бөлініп, қабылдау жарияланды: Бакалавриат – «B018(KZ-FR)-Шетел тілі мұғалімдерін даярлау», «B140(KZ-FR) – Халықаралық қатынастар және дипломатия», «B044(KZ-FR) – Менеджмент және басқару», «B046(KZ-FR) – Қаржы, экономика, банк және сақтандыру ісі», «B047(KZ-FR) – Маркетинг және жарнама», «B093(KZ-FR) – Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі». Аталған бағдарламалар еуропалық стандарттар бойынша мамандар даярлауды қамтамасыз етеді.

Студенттер мен оқытушылар үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын басқа да шетелдік жоғары оқу орындарымен стратегиялық серіктестік орнату жоспарлануда.

Абай университеті жас зерттеушілерді белсенді түрде қолдайды. Мұнда олардың ғылыми әлеуетін дамыту және жобаларын жүзеге асыру үшін барлық қажетті ресурстар мен мүмкіндіктер қарастырылған. Оқу ордасы студенттер мен ғалымдардың ғылыми қызметке белсенді қатысуына ықпал ете отырып, заманауи зертханалар мен кітапхана қорларына қолжетімділікті қамтамасыз етуде. Сонымен қатар Абай университеті өз студенттеріне әлемнің үздік университеттері мен ғылыми орталықтарында академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша тағылымдамадан өтуге және білім алуға үлкен мүмкіндіктер береді.

Абай университетіне түскен әрбір студент білімнің шынын бағындырып, оқу орнында жеке және кәсіби өсудің жаңа мүмкіндіктеріне қол жеткізеді.

Ұлттық Кітап Күні ОЗЫҚ ОЙЛЫ ҰЛТҚА

– Президентіміздің үшінші Ұлттық құрылтайдың негізгі сессиясында берген тапсырмасына сәйкес Ұлттық кітап күні пайда болды. Мерекелік күнтізбелер қатарына кірген осындай атаулы күннің еліміз үшін маңызы қандай болмақ?

– Кітапты өмір салтымыздан, даму бағдарламыздан бөлек алып қарауға болмайды. Қоғамда кітапты белгілі бір гуманитарлық білім иегерлері ғана оқуы керек деген стереотип қалыптасып қалған. Соңғы кезде Президенттің өзі мемлекеттік бағдарламалар қабылданатын кезде кітап оқуға, жалпы рухани ілім-білімге қатты көңіл бөліп, концепциялар қабылдап, тапсырмалар беріп жатыр. Ол – халықта рухани аштық бар деген сөз. Кітапхананың, кітапханашылардың негізгі бағыты – кітап оқуды насихаттау. Бірақ оқырман және кітап тақырыбымен тек кітапханашылар айналыспауы керек. Бұл – отбасы, қоғам, бүкіл мемлекет болып айналысатын дүние. Ұлттық кітап күнінің пайда болуы да сондықтан. Кітапхана жаңылмайды, ары қарай да өз жұмысын жалғастыра береді. Бірақ оған жана айтқан отбасы, қоғам мүшелері қосылса, кеше ғана қабылданып жатқан Ұлттық кітап күнінің құндылығы мен маңызы артады.

Әлем бойынша халықаралық деңгейге шыққан кітапқа арналған атаулы даталар көп. Ал Ұлттық кітап күнінің қабылдануы қоғам назарын кітап оқуға аударады. Кітап оқыған – сауатты, ал сауатты адам – тәуелсіз адам. Сондықтан атауды күн тек кітапханашылар ғана емес, қаламгерлер де, баспалар да, оқу орындары арасында кең көлемде аталып өтуі шарт. Біраз жыл бұрын кітап жәрменкелеріне адам бармайтын, ал қазір ондайды оқырман асыға күтетін болды. Кітап оқу мәдениетін қалыптастыру – мемлекеттің, арнайы мекемелердің айналысатын дүниесі емес, бұл әр адамның өзі үшін керек нәрсе ғой негізі. Сондықтан әр отбасында қалыптасатын дүниені мемлекеттік деңгейде аталып жатқаны – қуанарлық жағдай. Бұл форматты арнайы тапсырыс түрінде өткізбей, түрлі шаралармен өткізген дұрыс.

– Әлемнің біраз елінде кітап оқу күні атап өтіледі екен. Мұндай қадамның бізде де пайда болуы жастар арасында жаңаша көзқарастың қалыптасуына ықпал ете ме?

– Иә, жастардың көзқарасын өзгерте алады. Осы салада жүргеніме 20 жыл болды. Осы уақыт ішінде оқырман арасында да, автор арасында да жүрмін. 5-7 жыл бұрынғы оқырманның кітапқа деген көзқарасы мен қазіргісінің арасында өсу, даму бар. Қазір жастардың кітапқа көзқарасы бөлектеу. Кітап оқытанда, оқымайтын да адам әр кезеңде болған. Бұрын кітап жәрменкелерінде кітаппен бірге автордың өзі гастрольдік сапарда жүрген. Осы

айналдырады

сияқты кездесулер болса, автор шығармасын өзі жарнамалауы керек. Яғни, сол еңбектің кең таралуына, оқырманды қызықтыруына қаламгерде мүдделі. Кітап оқығанда агрессия азайып, зеректік көбейеді. Ал жас балаларды кітап оқуға үгіттеуде ата-аналар пафос, моральды түрде емес, оның шынайы пайдасын түсіндіру керек. Нил Гейманның мынадай сөзі бар: «Мен оқырман ретінде де, жазушы ретінде де кітапқа махаббаттың сөнбеуіне мүдделімін». Осы мүдделілік әрқайсымызда да болуы керек. Өйткені қоғамды жасаушы мәдениет өкілдері ғана емес, оған қоғамның әр мүшесі жауапты.

– Біздің қоғам кітап оқу мәдениеті, рухани-ят, сана мәселесінде қандай еді және болашақта қай деңгейде болуы мүмкін?

– Әсте-әсте деген бар қазақта. Соңғы уақытта кітап оқуға деген қызығушылығы бар кез келген адам кітаптың пайдасын сезініп жатқаны белгілі. Екі ауыз сөздің өзін көркем тілмен жеткізетін халықпыз, бірақ соңғы кезде тілімізге сленг сөздер араласып кетті. Ал кітап оқуды насихаттау арқылы қазақтың боямсыз көркем тілін қайтара аламыз. Бір сөзбен айтқанда, кітап оқу – бір формулаға сыймайтын, Ұлттық кітап күні қабылданғанға дейін де, одан кейін де үздіксіз жүретін үрдіс. Жакында жапон жазушысының кітапханашының рөлі туралы айтылатын бір кітабын сатып алдым. Ол жерде кітапханашының «Не іздедіңіз?» деген сөзінен кейін әр бесінші оқырманның өмірі жақсы жаққа өзгергені айтылады. Президент айтқан кітап оқу мәдениетін орнықтыру, қалыптастыру және оны қарай үздіксіз жүргізе беру қоғамның белсенділігін өте қажет етеді, ол белгілі бір уақыт арасында ұйымдастырыла қоятын жоба емес.

– Жылдың бір күнінде Ұлттық кітап күнін атап өтетінімізбен, кітап оқу жиі насихаттап отыруды талап етеді. Бұл тұрғыда қандай құралдарды, маркетингтік тәсілдерді пайдалана аламыз?

– Қазір барлық технологияны пайдалана отырып, оқырмандарды, әсіресе жастарды кітап оқуға ынталандыруға, қызығушылығын оятуға көп мүмкіндік табуға болады. Мысалы, біздің Air Astana-мен бірлесіп жасап жатқан жобамыздың аяқталуына аз қалды. Медиа-

келген жерде қуанта алатын болады. Жастарға кітапты парактап оқығанға қарағанда аудио-кітап тындағысы келсе, аудиокітап жасап, видеосын дайындап, қалауларын толық орындауымыз керек.

– Негізгі, әр оқырманның кітап оқудағы талғамы әртүрлі. Бірақ Ұлттық кітап күні бір шаңырақ астындағы елдің мақсатын біріктірген соң қазіргі заман талабына сай, жастар танымына дәл келетін қандай тақырыптағы еңбектерді немесе қай бағыттағы жазбаларды атауға болады?

– «Ұлттық» деген сөздің өзінде толық мағына жатыр. Кітапсүйер қауым үшін шетелдік психолог, философтардың еңбектері аударылып жатыр. Оның ішінде біздің ұлттық мәдениетімізге кері әсер ететін дүниелер де жоқ емес. Сондықтан оқу мәдениеті қалыптасқан ел үшін бірінші алтын тамырдан ажырамай, ауыз әдебиеті фольклорын, классика, көркем әдебиет шығармаларын оқып, кейін ғана мотивация сыйлайтын психологтердің аудармаларын оқыған жөн деп ойлаймын. Оқырманның тандауына бағыт-бағдар бере алғанымызбен, оны өзгерте алмаймыз. Кез келген шығармаға алда дайындалып, деңгейін көтеріп келу керек.

– Озық ойлы ұлт болудың ең төте жолы – кітап оқу. Бүгін осы жолмен жүрем деген әр адамның қалауындағы кітаптар жазылып, жарыққа шығып жатыр ма?

– Жазушыны мамандық иесі деп қабылдамау керек. Әр жазушының жанры болады. Сондықтан біріне барып мына тақырыпта қалам тербе деп айта алмаймыз. Бірақ жас жазушыларға сүйтелген міндет пен қойылған талап бар. Ойдың адамы болғаннан кейін дәл қазір қоғамға керек дүниені оқырманға бере алуы керек. Жана заманның оқырманына не керек, қазір не оқып жатайы? Соның бәрін ізденуі керек. Қазір жана заман әдебиеті заманауи оқырманның сұранысына ие тақырыптарды көтереді. Осы тұста жазушылар да сұранысқа ие дүниелерді жазып, тың тақырыптағы еңбектерді аударуы керек шығар.

– Әңгіремізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретария меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзаз АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алғашқы БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫБАҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Нәзгу НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ермек ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баши ЖАНУЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМЕ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМЕ:
8(717) 884-41-32
podpiska.alt@gmail.com

Газеттің таралуы

Газеттің таралуы

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4469
Астана қ. «Медиа-холдинг» «ERNUR» ЖШС
Сметі көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Аматты-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,